

**М А З М Ұ Н Ы:**

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер\_\_\_\_\_3бет
2. Кадрлар құрамы\_\_\_\_\_4бет
3. Білім алушылардың контингентінің құрылымы\_\_\_\_\_8 бет
4. Оқу – әдістемелік жұмыс\_\_\_\_\_8бет
5. Оқу – материалдық активтер\_\_\_\_\_ 108 бет
6. Қорытынды\_\_\_\_\_111 бет

**«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы  
білім беру бөлімінің «№4 қосымша білім беру мектеп-орталығы»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы  
қорытынды  
А Н Ы Қ Т А М А С Ы.**

**Бақылау түрі:** өзін-өзі бағалау.

**Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық», «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Батыс Қазақстан облысы білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысының м.а. Н.Габдушевтың 2023 жылғы 24 мамырдағы №256 бұйрығы.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2023 жылғы 22 мамырдағы 17-3/3080-И хаты негізінде Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 31 желтоқсандағы №14 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу бойынша нұсқаулықтың» 14 тармағы 3 тармақшасына сәйкес, 2023 жылғы 06 қаңтардағы №4 бұйрықпен бекітілген «2023 жылы мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізіміне» негізінде 2022 жылдың «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қалалық білім беру бөлімінің «№4 қосымша білім беру мектеп-орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өзін-өзі бағалау жүргізді.

Өзін-өзі бағалауды білім беру ұйымы басшысының 2023 жылғы «02» ақпандағы №49 бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда (бұдан әрі – комиссия) өткізді:

1. Аймурзина Жанаргуль Тулегеновна – мектеп директоры, комиссия төрайымы;
2. Ермуханова Анар Абдоловна – мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
3. Бисекенова Дарига Сагидуллиевна – мектеп директорының әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
4. Утешова Данара Наримановна – мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
5. Темиралиева Алтынай Шайдоллақызы – бастауыш сынып бойынша мектеп директорының оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
6. Каржауов Нурлан – мектеп директорының шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
7. Утеулиева Венера Сакеновна – тарих пәнінің мұғалімі, комиссия хатшысы.

**Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі бағыттар қаралды:**

- 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқыту және білім беру;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

Комиссиямен Бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау

материалдарына, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізді.

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қалалық білім беру бөлімінің «№4 қосымша білім беру мектеп-орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді.

## **I. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер**

### **1) Білім беру ұйымының толық атауы:**

"Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің "№4 қосымша білім беру мектеп-орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі мектеп)

### **2) Білім беру ұйымының орналасқан жері және заңды мекен-жайы:**

Қазақстан Республикасы, 090004, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Көкшетау көшесі 1/9 ғимарат

### **3) Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, web-сайты):**

Жұмыс телефоны: 8(7112)30-33-43 қабылдау бөлімі,

8(7112)30-80-81 директор,

8(7112)30-58-98 есеп бөлімі,

Электронды пошта: [sosh-v4@mail.kz](mailto:sosh-v4@mail.kz)

Web-сайты: <https://sh4-uralsk.edu.kz>/<https://sh4-uralsk.bkogov.kz/kz>

<https://www.facebook.com/profile.php?id=100022089672646>

4\_zho\_qbbmo\_07

### **4) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (лауазымды тұлғаның аты-жөні, тегі, лауазымға тағайындау бұйрығы):**

Мектеп директоры Аймурзина Жанаргуль Тулегеновна, ЖСН 710117401396, № 040197176 жеке куәлігі 11.11.2015 жылы ҚР Ішкі істер министрлігі арқылы берілген. Орал қалалық білім беру бөлімінің 2022 жылғы 10 тамыздағы №119§1 бұйрығымен мектеп директоры қызметіне тағайындалған.

### **5) Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары:**

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Батыс Қазақстан облысының Әділет департаменті, Орал қалалық Әділет басқармасы арқылы 2021 жылдың 12 қаңтарында берілген Заңды тұлғаны мемлекеттік қайтатіркеу туралы анықтамасы, Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының 2021 жылғы 06 қаңтардағы №11 бұйрығымен бекітілген Жарғысы.

### **6) Рұқсат беру құжаттары:**

Батыс Қазақстан облысы білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2021 жылғы 26 қаңтардағы №21 бұйрығымен берілген KZ91LAA00020194 білім беру қызметімен айналысу үшін берілген лицензия және лицензияға қосымшасы KZ41RVK00044854, 12.01.2023 жылғы (лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрлері: Бастауыш білім беру, Негізгі орта білім беру, Жалпы орта білім беру).

## II. Кадрлық құрамға талдау Білімдері бойынша

Оқу жылы	Барлық қызметкерлер саны	Жоғары	Арнаулы орта білім
2021-2022 оқу жылы	49	44	5
2022-2023 оқу жылы	46	41	5
2023-2024 оқу жылы	48	45	3

### Санаттары бойынша (жалпы орта білім беретін пәндер бойынша)

Оқу жылы	Мұғалім саны	Педагог - шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог - модератор	Жоғары	I	II	Санатсыз	Басшылар санаты	%
2021-2022	49	-	3	10	17	1	4	4	10	4	37%
2022-2023	46	-	3	11	18	-	1	2	11	4	35%
2023-2024	48	-	6	13	19	-	-	-	10	3	40%

**2021-2022 оқу жылында** барлығы 49 мұғалім қызмет атқарды. Оның ішінде бастауыш сыныпта 25 педагог білім берді. Педагог-зерттеуші-1, педагог-сарапшы-7, бірінші санатты-1. Үлесі: 35%. Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беретін пәндер бойынша 34 педагог білім берді. Оның ішінде педагог-зерттеуші-2, педагог-сарапшы-5, жоғары санатты-1, бірінші санатты-3. Үлесі: 33%.

**2022-2023 оқу жылында** барлығы 46 мұғалім қызмет атқарды. Оның ішінде бастауыш сыныпта 21 педагог білім берді. Педагог-зерттеуші-1, педагог-сарапшы-6. Үлесі: 34%. Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беретін пәндер бойынша 32 педагог білім берді. Оның ішінде педагог-зерттеуші-2, педагог-сарапшы-6, бірінші санатты-1. Үлесі: 29%.

**2023-2024 оқу жылында** барлығы 48 мұғалім қызмет атқарды. Оның ішінде бастауыш сыныпта 25 педагог білім берді. Педагог-зерттеуші-3, педагог-сарапшы-11. Үлесі: 56%. Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беретін пәндер бойынша 33 педагог білім берді. Оның ішінде педагог-зерттеуші-3, педагог-сарапшы-10. Үлесі: 40%. Біліктілік санатын беру (растау) туралы куәліктерді тіркеу және беру журналы 2006 жылы басталды.

**2021-2022 оқу жылында** 9 педагог аттестаттаудан өтті. Біліктілік санаты бойынша педагог-зерттеуші 1, педагог-сарапшы 2, педагог-модератор 6 санаты берілді. Сонымен қатар осы оқу жылында 2 педагогтің өтініші негізінде, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы №561 бұйрығының 83 тармағына сәйкес үш жасқа толғанға дейін оны бағып-күтуге арналған демалыстан кейін жұмысқа шығуына байланысты педагогтердің осы санаты үшін қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау кезеңін тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясы бір жыл ішінде өткізеді. Бұл ретте педагогте осы кезеңде бар біліктілік санаты сақталады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы №561 бұйрығының 83 тармағына сәйкес 2021 жылдың 01 қыркүйегінен мектепшілік №73 бұйрығымен тарих пәні мұғалімі Утелиева Венера Сакеновнаның бірінші санаты (2016ж) бір жылға ұзартылды. Біліктілік санатының қолданылу мерзімін ұзартудың негізділігін растайтын құжат бар. *(бұйрық қоса тіркелді)*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы №561 бұйрығының 92 тармағы негізінде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 53-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлікке шығуға 4 жылдан аз қалған зейнеткерлік жасқа дейінгі педагогтер біліктілік тестілеуінен босатылады. Педагог

аттестаттау рәсімінен босатылуына байланысты, біліктілік санаты оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы №561 бұйрығының 92 тармағы негізінде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 53-бабының 1-тармағына сәйкес 2021 жылдың 01 қыркүйегінен мектепшілік №73 бұйрығымен қолда бар біліктілік санаты оның берген өтініші негізінде технология пәнінің мұғалімі Хапизов Сейтжан Сатхановичтың екінші санаты (2016ж) сақталды. *(бұйрық қоса тіркелді)*

**2022-2023 оқу жылында** педагогтер аттестаттаудан өтпеді. Біліктілік санатынан уақытымен өтуге тиісті 3 педагог химия пәні мұғалімі Н.С.Жумабаева (Ісанат, 2017ж), бастауыш сынып мұғалімі А.К.Габдолова (Ісанат, 2017ж), тарих пәні мұғалімі В.С.Утеулиева (Ісанат, 2016ж), музыка пәні мұғалімі А.Т. Апанова (Ісанат, 2018ж) тестінің екі мүмкіндігінен де өте алмау себепті, біліктілік санаттарының мерзімінің жарамсыздығы негізінде педагогтерді «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім мен ғылым саласындағы басқа азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы №561 бұйрығының 53 тармағына сәйкес 2022 жылдың 01 қыркүйегінен мектепшілік №127 бұйрығымен «педагог» санатына төмендетілді. *(бұйрықтар қоса тіркелді)*

**2023-2024 оқу жылында** 9 педагог аттестаттаудан өтті. Біліктілік санаты бойынша педагог-зерттеуші 2, педагог-сарапшы 4,5 мұғалімге педагог-модератор санаты берілді. Математика пәні мұғалімі А.Б.Темиргалиева (Ісанат, 2018ж), ағылшын пәні мұғалімі А.Н.Айсағалиева (Ісанат, 2018ж), тестінің екі мүмкіндігінен өте алмау себепті, біліктілік санаттарының мерзімінің жарамсыздығының негізінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы №561 бұйрығының 53 тармағына сәйкес 2023 жылдың 01 қыркүйегінен мектепшілік №210 бұйрығымен «педагог» санатына төмендетілді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы №561 бұйрығының 92 тармағы негізінде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 53-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлікке шығуға 4 жылдан аз қалған зейнеткерлік жасқа дейінгі педагогтер біліктілік тестілеуінен босатылады. Педагог аттестаттау рәсімінен босатылуына байланысты, біліктілік санаты оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы №561 бұйрығының 92 тармағы негізінде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 53-бабының 1-тармағына сәйкес 2023 жылдың 01 қыркүйегінен мектепшілік №210 §1 бұйрығымен қолда бар біліктілік санаты оның берген өтініші негізінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жарылгасова Нуржамал Талаптановнаның педагог-сарапшы (2018ж) санаты сақталды. *(бұйрықтар қоса тіркелді)*

#### Еңбек өтілдері бойынша

Оқу жылы	Барлығы	0-3	3-5	6-10	11-15	16-20	20 жылдан жоғары
2021-2022	49	4	2	14	9	8	12
2022-2023	46	2	3	12	12	7	10
2023-2024	48	5	1	10	6	9	17

2021-2022 оқу жылында 13 педагог біліктілікті арттыру курсынан өтті. 2022-2023 оқу жылында 15 педагог, ал 2023-2024 оқу жылы басталғаннан бері 30 педагог біліктілікті арттыру курсынан өтті. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін күрстан кейінгі қолдау

қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 қазандағы №415 бұйрығына сәйкес ағымдағы оқу жылында біліктілікті арттыру курсынан өтетін мұғалімдер тізімі көрсетілген сұраныс жіберілді. «Өрлеу» БҒҰОАҚ БҚО филиалының 2023 жылғы 02-13 қазан аралығында 3 мұғалім курсқа жоспар бойынша барады. (А.К.Абулхайрова – бастауыш сынып мұғалімі, А.М.Темирбаев – тарих пәні мұғалімі, Д.А.Абдулова – музыка пәні мұғалімі) өтетіндігін растайтын анықтамасы бар. (анықтама қоса тіркелді)

Оқу-тәрбие үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды ендірудің алғашқы шарты: мұғалімнің инновациялық іс-әрекетін қалыптастыру болып табылады. Жаңа технологияны меңгерген әрбір мұғалім өз сабағын нәтижелі даму жағынан көрсете алады. Мектеп-орталығының барлық жұмыстары және оның нәтижесі осы мектептің әдістемелік кеңесінде қайнап шыңдалады. Қосымша білім беру мектеп-орталығының мүмкіндігіне қарай атқарылатын жұмыстың жоспары жасалып, оқу жылының міндеттері, педагог кадрлардың кәсіптік шеберлігін шыңдау, жетілдіру, жаңа технологияның әдістерін оқып-үйрену негіздеріне байланысты жұмыстар атқарылды.

**Мектептің әдістемелік тақырыбы:** Білім беру жүйесінде жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытудың интербелсенді әдіс-тәсілдерін пайдалану арқылы педагог кадрлардың әдістемелік шеберлігін жетілдіру.

**Мақсаты:** Инновациялық әдіс-тәсілдерді меңгеруде мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыра отырып, кәсіптік шеберлігі мен педагогикалық біліктілігін көтеру. Педагогикалық ұжымның шығармашылық потенциалын дамыту.

**Міндеттері:** авторлық бағдарламалар, ғылыми жұмыстармен айналысуға жағдай жасау; оқытудың ақпараттық әдістерін сабақта тиімді пайдалану; сабақтардың барлық түрлерінің өту тиімділігін, әдістемесін жетілдіру; жас мамандар жұмысын жандандыру; оқытудың әдіс-формаларын жетілдіру, тиімді жолдарын іздестіру; мұғалімдердің ғылыми-әдістемелік деңгейін, кәсіби біліктілігін, шеберлігін дамыту; педагог кадрлардың біліктілігін арттыру.

**Әдістемелік бағыттар:** әдістемелік бірлестіктермен жұмыс; шығармашыл топ жұмысы; дарынды балалармен жұмыс; жас мамандармен жұмыс; педагог кадрлардың біліктілігін арттыру; мұғалімдердің жылдық жұмысын қорытындылау. «Жаңашыл ұстаз» шығармашылық тобы іздену сабақтары, әдіс-тәсілдер үйрету, тәжірибе алмасу, тәжірибе тарату жұмыстарын жүргізді. Жас мамандармен жұмыс нәтижелі болды. Бірлестіктердің жұмысын арттыру, сабақ формаларын дайындау технологиясы, өзін-өзі талдау, алдыңғы қатарлы педагогикалық технологияларды, олардың элементтерін белсенді қолдану туралы семинарлар өткізілді. Педагогтердің білімін көтеру жұмысының белсенділігін арттыруға қолдау көрсетілді. Педагогтердің әдістемелік шеберлігін, кәсіби даярлығын, шеберлігін шыңдайтын жұмыстар ұйымдастырылды. Әдістемелік жұмыс жоспарлы түрде өтілді. Нәтижесінде үйрену, үйрету, озат тәжірибені насихаттау, әдіс-түрлерін үйрену, шеберлігін шыңдау мақсатында семинар, мектепшілік олимпиада, байқаулар, ашық сабақтар, пәндік апталықтар, пікір алмасулар өткізілді. Курста оқып келген ұстаздарымыз оқудан үйреніп келген әдіс-тәсілдерімен ұстаздар арасында мектепшілік семинар өтілді. **Нәтижесі:** «Білім беру процесінде әртүрлі әдіс-тәсілдер мен SMART технологияларын пайдалану тиімділігі мен мүмкіндіктері» тақырыбының сілтемесі

[:https://www.instagram.com/p/CmEU1KXjBse/?igshid=ODk2MDJkZDc2Zg==](https://www.instagram.com/p/CmEU1KXjBse/?igshid=ODk2MDJkZDc2Zg==)

**«Жас мамандар» мектебі.** Жас мамандарға сауалнама жүргізе отырып, қызығушылықтарына қарай отырыс тақырыптары нақтыланды. Жас мамандарға тәлімгер ұстаздар бекітіліп, жас мамандар мектебінің жұмыс жоспарына сәйкес үйрету, оқыту шаралары атқарылды. Мектептегі жас мамандар жұмысы тәлімгерлер арқылы ұйымдастырылды. Жас мамандар мектебінің жоспарына сай оқыту коучингтері мен тәжірибе алмасу семинарлары ұйымдастырылды. Ұйымдастырылған іс шараларда жас мамандар белсенділікпен қатысты. Жас маманның сөйлеу шеберлігі, өз ойын еркін

білдіру, әр түрлі жағдаяттан шығу жолдары қарастарылды, ортада өзін – өзі ұстау мен сахна мәдениеті де сарапталды.

<https://www.instagram.com/p/CjiQnoLDhYk/?igshid=ODk2MDJkZDc2Zg==>

Жас маман, математика пәні мұғалімі: Сарсенғалиева Назерке Сағынғалиевнаның тәжірибе алмасу сабағы

<https://www.instagram.com/p/CmEU1KXjBse/?igshid=ODk2MDJkZDc2Zg>

Жас мамандармен әдіс-тәсіл алмасу бағытында тренингтер өтіп тұрды. Сілтеме <https://www.instagram.com/p/CmEU1KXjBse/?igshid=ODk2MDJkZDc2Zg> жас маман қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі: М.Б.Сухашев «Жаңа толқын» желілік қауымдасты арасында «Тіл мен тарих-ғасырлар куәсі» тақырыбында дебат ойынын оздырды. Жас маман А.А.Жылқыбаеваның оқушысы қалалық олимпиада жүлдегері атанды.

[https://www.instagram.com/p/CoWgT\\_JDyez/?igshid=ODk2MDJkZDc2Zg%3D%3D](https://www.instagram.com/p/CoWgT_JDyez/?igshid=ODk2MDJkZDc2Zg%3D%3D)

Мектептің әдістемелік қызметін жетілдіруге, осы жұмыс барысында педагогтердің кәсіби құзіреттілігін арттыруға, оқушылардың білім сапасын көтеруге әсерін күшейтуге бағытталған жұмыс қоры жасақталды. Оқушылардың жекелеген интеллектуалды, шығармашылық, әлеуметтік қабілеттерін дамыту үшін оңтайлы жағдайлар жасау үшін пәндік апталықтар жыл сайын өткізілді./апталықтан үзінді сілтеме [/https://www.instagram.com/p/CrBGx7fsofy/?igshid=ODk2MDJkZDc2Zg](https://www.instagram.com/p/CrBGx7fsofy/?igshid=ODk2MDJkZDc2Zg). Сабақтан тыс іс-шаралар әртүрлі нысандармен, міндеттермен, жоспарланған жұмыстарда өткізілді.

[https://www.instagram.com/reel/CqKS\\_12LTDz/?igshid=ODk2MDJkZDc2Zg,сонымен](https://www.instagram.com/reel/CqKS_12LTDz/?igshid=ODk2MDJkZDc2Zg,сонымен) қатар қалалық көлемде семинар өтіліп тұрды./қалалық семинардан сілтеме/ <https://www.instagram.com/p/CmL2XvMDB6h/?igshid=ODk2MDJkZDc2Zg%3D%3D>

Шеберлік сынып сағат: «Сабақта табысқа жетуге жағдай туғызу тәсілдері» <https://www.instagram.com/p/CmLzqSXjzlu/?igshid=ODk2MDJkZDc2Zg%3D%3D>

Қалалық көлемде өткен ашық сабақ, биология пәні мұғалімі А.Е.Тажаяқова <https://www.instagram.com/p/CmLyxsZDp9e/?igshid=ODk2MDJkZDc2Zg==сонымен> қатар мұғалімдермен «Жақсы көңіл күй-жан азығы» тақырыбында коучинг өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/CrA3H9Ns67/?igshid=ODk2MDJkZDc2Zg==> Сонымен қатар жаңа форматта мектептің педагогикалық кеңестері өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/CqKnqldDr8n/?igshid=ODk2MDJkZDc2Zg> т.б жоспарға сәйкесті жобалар өтілді. «Салауатты ұлт» жобасы. Мақсаты: Салауатты өмір салтын ұстану, ұжымдық қарым-қатынасты нығайту.

<https://www.instagram.com/p/CkjCAs-rgYP/?igshid=ODk2MDJkZDc2Zg%3D%3D>

«Оқуға құштар» жобасы.

<https://www.instagram.com/reel/Clqi71DgVO7/?igshid=ODk2MDJkZDc2Zg%3D%3D> т.б мұғалімдеріміздің жұмыс қорытындысы оқушылар жетістігі арқылы көрсете алды. Жыл сайын жылдың қорытындысы бойынша мұғалімдеріміз бен оқушыларымыз марапатталады. Осы бағытта «Үздіктер шеруі-2023» /сілтеме/

<https://www.instagram.com/reel/Csqf-dtvqAK/?igshid=ODk2MDJkZDc2Zg%3D%3D>

Қалалық «Мұқағали оқулары» байқауы, бас жүлде, жетекшісі: А.А.Мусакулова <https://www.instagram.com/p/Cow-fgQDX5-/?igshid=ODk2MDJkZDc2Zg%3D%3D>

«Мен, мен едім, мен едім» байқауы, II орын, жетекшісі: Д.С.Бисекенова, зияткер өрендер арасында ұйымдастырылған «BILIM NIGN» жобасы байқауы, алғыс хат, М.Б.Сухашев, «Жауқазыннан жүлде» байқауы, бастауыш сыныптардан

<https://www.instagram.com/p/CjPOkKrjghy/?igshid=ODk2MDJkZDc2Zg%3D%3D>, спорттық жарыстардың жетістігі, жас ақын байқауының жүлдегері,

<https://www.instagram.com/p/CoeHqU7DfO6/?igshid=ODk2MDJkZDc2Zg%3D%3D>

<https://www.instagram.com/p/CjiNTgAD1Ry/?igshid=ODk2MDJkZDc2Zg%3D%3D> мектепшілік олимпиадалар өткізілді, жеңіп шыққан оқушылар қалалық көлемге шығып, жүлделі орындар жыл сайын алды. Қазақ тілі, орыс тілі, математика, жаратылыстану, химия, пән мұғалімдері: В.С.Утеулиева, Н.С.Жумабаева, А.А.Мусакулова, А.Б.Темиргалиева, Д.С.Бисекенова, Ж.Т.Аюпова, А.А.Жылқыбаева, Г.Р.Игилманова, А.У.Жасқайратова т.б.



<https://www.instagram.com/p/CoWggD7juty/?igshid=ODk2MDJkZDc2Zg%3D%3D>  
<https://www.instagram.com/p/CoWgsnNDtOS/?igshid=ODk2MDJkZDc2Zg%3D%3D>  
<https://www.instagram.com/p/CoWggD7juty/?igshid=ODk2MDJkZDc2Zg%3D%3D>  
<https://www.instagram.com/p/CoWiFtmjESr/?igshid=ODk2MDJkZDc2Zg%3D%3D>

т.б.

осындай жұмыс қорытындысымен жүйелі сипатталды. Жұмыс қорытындысы мектеп сайтында, инстграмда жарияланып тұрды.

### III. Білім алушылар контингенті.

оқыту кезеңдері	2021 -2022о.ж		2022-2023 о.ж		2023-2024о.ж	
	саны		саны		саны	
	оқушы	сынып	оқушы	сынып	оқушы	сынып
<b>бастауышсынып</b>	239	11	240	11	223	10
<b>негізгі мектеп</b>	220	10	237	10	255	12
<b>орта мектеп</b>	23	2	33	2	44	2
<b>мектеп бойынша барлығы</b>	<b>482</b>	<b>23</b>	<b>510</b>	<b>23</b>	<b>522</b>	<b>24</b>

**2021-2022** оқу жылының соңында мектеп контингенті бастауыш буында-239 оқушы, негізгі буында-220 оқушы, орта мектепте - 23 оқушыны, барлығы 482 оқушыны құрады.

**2022-2023** оқу жылының басында оқушы контингенті бастауыш буында - 240 оқушы, негізгі буында - 237 оқушы, орта мектепте - 33 оқушыны, барлығы 510 оқушыны құрады.

**2023-2024** оқу жылының басында оқушы контингенті бастауыш буында - 223 оқушы, негізгі буында - 255 оқушы, орта мектепте - 44 оқушыны, барлығы 522 оқушыны құрады.

### IV. Оқу – әдістемелік жұмыс.

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «№4 қосымша білім беру мектеп-орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау кезінде 2022-2025 жылдарға арналған мектептің даму бағдарламасы, оның миссиясы: Ұлттық сана сезімді сіңірген білімді, рухты, интеллектуалды төл құндылықтарды ұштастыра алатын ұлтжанды тұлға қалыптастыру. Мақсаты: «Рухани және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген тәрбиелі білімді тұлға тәрбиелеу». Даму бағдарламасында бағдарлама кезеңдері, әрбір кезеңі бойынша swot-талдау, нәтижелі көрсеткіштері көрсетілген. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған оқу-тәрбие жоспарлары педагогикалық кеңесте талқыланып, бекітілген. Өткен оқу жылдарына талдау жасалып, алдыңғы оқу жылына қойылатын мақсат-міндеттері айқындалған. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспарларында «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығымен бекітілген нысандары ескерілген. Жылдық жоспарларында бастауыш, негізгі, жалпы орта білім беру мазмұнында айқындалған қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық, өмір бойы білім алу базалық құндылықтары енгізілген. Мектептің үш жылдық жұмыс жоспарының көшірмесі мен үш жылғы атқарылған жұмыстардың есебінің электронды және қағаз түрінде тапсырылған нұсқасын саралай отырып, «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604



бұйрығының (бұдан әрі-МЖМБС) талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі анықталды.

**Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі.**

Білім беру ұйымдарындағы оқу процесі «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы, "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) негізінде әзірленетін жұмыс оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған оқу жұмыс жоспары, соңғы 3 жылдағы бекітілген сабақ кестелері ұсынылды.

#### **2021-2022 оқу жылы:**

№4 қосымша білім беру мектеп орталығының 2021 – 2022 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары бойынша 1-11 сыныптарда білім беру процесі келесі құжаттар мен материалдар негізінде жүзеге асырылады:

- ✓ «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) ҚР БҒМ (бұдан әрі ҚР БҒМ) 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық);
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген, ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы тамыздағы №415 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген негізде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығы;
- ✓ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарның және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы өзгерістер мен толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрығы;
- ✓ «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты негізінде құралған.

#### **2022-2023 оқу жылы:**

№4 қосымша білім беру мектеп-орталығында 2022-2023 оқу жылының 1 қарашасынан бастап, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының негізінде оқу жоспарына өзгеріс енгізілді. 3, 4, 5, 6 сыныптарға 1 сағат жаратылыстану пәндері, 7-9 сыныптарға алгебра, биология, химия, қазақстан тарихы пәндері 1 сағаттан қосылды, инвариантты компоненттер таңдау бойынша 3 пән 1 сағаттан өзгертілді. Барлық сыныптарда жоспарлар төмендегі бұйрықтар негізінде жасалды.

**3-4 сыныптарында** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 8 қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 11 қосымшасы негізінде төмендетілген оқу жоспары құрылды.

**5-9 сыныптарында** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 13 қосымша Қазақстан Республикасы Білім және

ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 16 қосымшасы негізінде төмендетілген оқу жоспары құрылды.

**10-11 сыныптарында** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 39 қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 86 қосымшасы негізінде оқу жоспары құрылды.

#### **Жеке оқыту.**

2 сынып Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 53 қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 53 қосымшасы негізінде оқу жоспары құрылды.

#### **2023-2024 жылы:**

**№4 қосымша білім беру мектеп – орталығының** 2023-2024 оқу жылына арналған оқу жоспары төмендегідей нормативтік құжаттарды негізге ала отырып жасалынды:

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығымен енгізілген өзгерістер);

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу - ағарту министрінің 16.09.2022 ж. №399 бұйрығы (21.11.2022 ж. №467, 05.07.2023 ж. №199 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен);

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы Ғылыми кеңесі ұсынған «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты.

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;**

#### **2021-2022 оқу жылында Бастауыш білім беру**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына сай бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының I тарауының 2-қосымшасының 1 тармағында бастауыш білім берудің базалық мазмұны – типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан білім беру ұйымында оқып білуге міндетті бастауыш білім беру мазмұнының құрамы, құрылымы мен көлемі деп көрсетілген. Бастауыш білім берудің оқу жоспары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығының 11 қосымшасы негізінде жүзеге асырылды.

Бастауыш білім берудің мақсаты мынадай кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады. Білім алушылардың дайындық деңгейі «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру» сияқты бірнеше мән-дес оқу пәндерін біріктіретін әрбір білім беру саласының ерекшеліктері ескеріле отырып жобаланған оқытудан күтілетін нәтижелер арқылы айқындалады.

#### **«Тіл және әдебиет» білім беру саласы:**

«Тіл және әдебиет» білім саласының мазмұны «Әліппе/Ана тілі», «Қазақ тілі (Т1)», «Әдебиеттік оқу», оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптардағы «Русский язык (Я2)», «Шетел тілі» оқу пәндері арқылы жүзеге асырылды.

№	Білімсалаларыжәнеоқуәндері	Сыныптарбойыншаапталықсағат саны										Жалпыжүктеме, сағат		
		1а	1ә	1б	2а	2б	3а	3ә	3б	4а	4ә	4б	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент														
I	Тілжәнеәдебиет	10	10	10	11	11	11	11	11	11	11	11	118	4012
1	Әліппе	6	6	6									18	594
2	Қазақтілі				4	4	4	4	4	4	4	4	32	1088
3	Әдебиеттіоқу				3	3	3	3	3	3	3	3	24	816
4	Орыстілі (Я2)	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	22	748
5	Шетелтілі	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	22	748

Оқытылуы қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарда орыс тілінен, шетел тілі(ағылшын) пәндерінен топқа бөлініп оқытылды.

#### «Шетел тілі»

Мектепте «шетел тілі» ретінде «ағылшын тілі» пәні таңдалып оқытылып келеді.

Бастауыш мектепте «Ағылшын тілі» пәнін оқытудың мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану. Бастауыш білім беру деңгейінде тілдік пәндерден сабақ беретін мұғалімдер (қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі) күнтізбелік-тақырыптық жоспарды әзірлеуде ортақ тақырыптарды ескерген.

#### «Русский язык (Я2)»

Бастауыш мектепте «Орыс тілі (Я2)» пәнін оқытудың мақсаты– тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру, сөйлеу әдебінің ережелерімен және тілдік нормаларын қарым-қатынас жағдайына қолдану, сөйлеу.

«Математика және информатика» білім беру саласы: «Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны «Математика», «Цифрлық сауаттылық» оқу пәндерінде іске асырылды.

№	Білімсалаларыжәнеоқуәндері	Сыныптарбойыншаапталықсағат саны										Жалпыжүктеме, сағат		
		1а	1ә	1б	2а	2б	3а	3ә	3б	4а	4ә	4б	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент														
II	Математика және информатика	4,5	4,5	4,5			6	6	6	6	6	6	495	1980
6	Математика	4	4	4	4	4	5	5	5	5	5	5	50	1700
7	Цифрлықсауаттылық	0,5	0,5	0,5			1	1	1	1	1	1	7,5	255

Математика оқу пәні бойынша әр сыныпта әр тоқсанда әртүрлі БЖБ жұмыстары және тоқсан сайын ТЖБ жұмыстары жүргізілген.

«Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 1 сыныптарда 2022 жылдың қаңтар айынан бастап оқытылды, ал 3 сыныптарда 2021-2022 оқу жылының қыркүйегінен бастап оқытылды.

Бастауыш мектепте «Цифрлық сауаттылық», «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар» пәндерінен бөлімдер мен тоқсан бойынша жиынтық бағалаулар жүргізілмеді. Жартыжылдық соңында білім алушыларға «Цифрлық сауаттылық» пәні бойынша «есептелді» («есептелмеді») қойылды.

#### «Жаратылыстану» білім саласы:

«Жаратылыстану» білім беру саласының мазмұны «Жаратылыстану» оқу пәнінде іске асырылады. Үлгілік оқу жоспарының (жаңартылған мазмұн және оқу жүктемесі

төмендетілген) 3-4-сыныптарда «Жаратылыстану» пәнін оқытуға бөлінген апталық оқу жүктемесінің көлемі 1 сағатты құрады.

*Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)*

№	Білімсалаларыжәнеоқуәндері	Сыныптарбойыншаапталықсағат саны											Жалпыжүктеме, сағат	
		1а	1ә	1б	2а	2б	3а	3ә	3б	4а	4ә	4б	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент														
<b>III</b>	<b>Жаратылыстану</b>	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	11	374
8	Жаратылыстану	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	11	374

Оқу жүктемесі төмендетілген Үлгілік оқу жоспары бойынша ҚР Білім және ғылым министрінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының 14-4-тармағына сәйкес төмендетілген жүктемемен Үлгілік оқу жоспары бойынша 2-4-сыныптарда «Жаратылыстану» пәні аптасына 1 сағат оқытылатындықтан ТЖБ жүргізілмеді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылды. 2-4 сыныптарда әр тоқсан сайын 1 БЖБ өткізілді.

**«Адам және қоғам»** білім беру саласы:

«Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны «Дүниетану» және «Өзін-өзі тану» пәндері арқылы беріледі. «Адам және қоғам» білім беру саласы пәндерінің мазмұны «Адам - Қоғам» жүйесі шеңберінде кіріспе білімді қамтамасыз етуге бағытталған. Пәндердің мазмұны қоғамдық қатынастардың өткені мен бүгінгі, олардың өзара байланысын, адамдардың отбасындағы, қоғамдағы өзара қарым-қатынастарын танып – білуге; өз Отаны үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруға, отбасындағы, жергілікті, өңірлік, ұлттық және жаһандық қауымдастықтағы өз орнын ұғуға; өз халқының және басқа да халықтардың мәдениетіне деген құрмет сезімін дамытуға өз қылығы үшін жеке басы жауапкершілігін ұғынуына, басқа адамдардың сезімдерін түсінуге және бірге бөлісуге, адам мен қоршаған ортаға деген ізгілік қатынасын тәрбиелеуге бағытталды.

**«Өзін – өзі тану»** оқу пәні:

Бастауыш мектеп білім алушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып пәннің негізгі базалық мазмұны төмендегі тарауларға сәйкес келді: «Ғасырлар даналығы», «Ынтымақты отбасы», «Адам болам десеңіз...», «Өсемдік әлемінде!» 4-сыныпта 25-26-сабақтардың тақырыбы «Табиғаттың жандандыратын күші», 27-28-сабақтардың тақырыбы «Жанды су». Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: аптасына 1 сағат, бір жылға 1-сыныпта 33 сағат, 2-4-сыныптарда – 34 сағатты құрады.

*Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)*

№	Білімсалаларыжәнеоқуәндері	Сыныптарбойыншаапталықсағат саны											Жалпыжүктеме, сағат	
		1а	1ә	1б	2а	2б	3а	3ә	3б	4а	4ә	4б	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент														
<b>IV</b>	<b>Адам жәнеқоғам</b>	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	22	748
9	Дүниетану	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	11	374
10	Өзін-өзітану	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	11	374

**«Технология және өнер»** білім саласы:

«Технология және өнер» білім саласының мазмұнына «Көркем еңбек» және «Музыка» пәндері енгізіледі.

**«Музыка»** пәнін оқытудың мақсаты – білім алушылардың музыка бойынша негізгі білімі мен біліктерін, музыкалық іс-әрекеттерде шығармашылықпен өз ойын жеткізу және қарым-қатынас жасау тәсілдерін меңгеру, ұлттық және жалпыадамзаттық мәдениеттің адамгершілік-эстетикалық құндылықтары туралы түсініктерін қалыптастыру, музыкалық

және шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады. «Музыка» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат; 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат; 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат, 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды. «Музыка» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. 2-4 сыныптарда «Музыка» пәні бойынша жартыжылдыққа және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қойылды.

**«Көркем еңбек»** – «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» оқу пәндерін біріктіретін кіріктірілген пән. «Көркем еңбек» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат; 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат; 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты; 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды. Түрлі материалдармен жұмыс істеу білім алушылардың технологиялық ойлауын, көркем-эстетикалық талғамын, шығармашылық, есте сақтау қабілеттерін, кеңістіктік қиялын, қиялы мен қол моторикасын дамытуға, көзбен нақты мөлшерлеу қабілетін жетілдіреді. Мұғалім және білім алушылар әртүрлі жұмыс түрлерін орындау барысында еңбек гигиенасының және қауіпсіздік техникасының ережелерін сақтады. «Көркем еңбек» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді, жартыжылдыққа және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қойылды.

*Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)*

№	Білімсалаларыжәнеоқу пәндері	Сыныптарбойыншаапталықсағат саны										Жалпыжүктеме, сағат		
		1а	1ә	1б	2а	2б	3а	3ә	3б	4а	4ә	4б	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент														
<b>V</b>	<b>Технология және өнер</b>	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	22	748
11	Музыка	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	11	374
12	Көркем еңбек	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	11	374

**«Дене шынықтыру»** білім саласы:

«Дене шынықтыру» білім саласының мазмұнына «Дене шынықтыру» пәні енгізілген. Дене шынықтыруды оқытудың мақсаты денені салауатты шынықтыруға, спорттық-спецификалық қозғалу дағдылары мен дене бітімі қабілеттерін меңгеруге бағытталған дене шынықтырудың негіздерін қалыптастыру болып табылады. Пән бойынша бағдарламаның әрбір үшінші сағаты білім алушылардың қозғалыс белсенділігін арттыруға (спорттық және қозғалмалы ойындар санын кеңейту есебінен) және сауықтыру процесіне бағытталды. «Дене шынықтыру» пәні бойынша тоқсан соңында және оқу жылының соңында «есептелінді»/«есептелінген жоқ» бағасы сынып журналына қойылды.

*Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)*

№	Білімсалаларыжәнеоқу пәндері	Сыныптарбойыншаапталықсағат саны										Жалпыжүктеме, сағат		
		1а	1ә	1б	2а	2б	3а	3ә	3б	4а	4ә	4б	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент														
<b>VI</b>	<b>Дене шынықтыру</b>	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	22	748
13	Дене шынықтыру	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	22	748

### Негізгі орта білім беру

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына сай негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 3-қосымшасының 1 тарауында негізгі орта білім берудің базалық мазмұны – типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан білім беру ұйымдарында оқып білуге міндетті негізгі орта білім беру мазмұнының құрамы, құрылымы мен көлемі деп көрсетілген. Негізгі орта білім берудің оқу жоспары оқыту тілдеріне қарай Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2021

жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығының 19,20 қосымшалары негізінде төмендетілген оқу жүктемесімен жүзеге асырылды.

Негізгі орта білімнің мақсаты – тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру, тұлғаны қоғам өміріне бейімдеу, кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдауға және меңгеруге негіз жасау, оның ішінде білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескеру екендігі атап көрсетілген.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласы:

"Тіл және әдебиет" білім беру саласының мазмұны оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін "Қазақ тілі", "Қазақ әдебиеті" пәндері арқылы жүзеге асырылды.

*Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)*

№	Білімсалалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша сағат саны										Жүктеме, сағат	
		5а	5б	6а	6б	7а	7б	8а	8б	9а	9б	Апталық	Жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>													
<b>I</b>	<b>Тіл және әдебиет</b>	<b>11</b>	<b>11</b>	<b>11</b>	<b>11</b>	<b>10</b>	<b>10</b>	<b>10</b>	<b>10</b>	<b>10</b>	<b>10</b>	<b>84</b>	<b>2856</b>
1	Қазақ тілі	3	3	3	3	2	2	2	2	2	2	20	680
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	2	2	2	2	2	3	3	25	850
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	24	816
4	Шетел тілі	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	24	816

ҚР БҒМ 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім беру деңгейінің «Қазақ әдебиеті» пәнінен оқу жүктемесі 8-9-сыныптарына арналған төмендетілген үлгілік оқу бағдарламасына сай жүргізіледі. «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасы үш негізгі дағдыны басшылыққа алады: 1) түсіну және жауап беру; 2) анализ және интерпретация; 3) бағалау және салыстыру. Негізгі орта білім беру деңгейінің 6 және 7-сыныптарында «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық мазмұнына «Өлкетану» материалдары кіріктірілген. Өлкетану материалдары 6, 7-сыныптарда 2 сағаттан 4 сағат көлемінде оқытылады. Өлкетану материалдары оқу бағдарламасының базалық білім мазмұны мен ұзақ мерзімді жоспардың 3 және 4-тоқсандарына енгізілді.

«Шетел тілі» оқу пәні бойынша оқу процесі ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының төмендетілген оқу жүктемесімен (2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) жүргізілді.

«Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны 5-6 сыныптарда «Математика», 7-9-сыныптарда «Алгебра», «Геометрия» және 5-9-сыныптарда «Информатика» оқу пәндерінің аясында іске асырылды.

*Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)*

№	Білімсалалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша сағат саны										Жүктеме, сағат	
		5а	5б	6а	6б	7а	7б	8а	8б	9а	9б	Апталық	Жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>													
<b>II</b>	<b>Математика және информатика</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>4</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>52</b>	<b>1768</b>
5	Математика	5	5	5	5							20	680
6	Алгебра					2	2	2	2	3	3	48	1632
7	Геометрия					1	1	1	1	2	2	8	32
8	Информатика	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	10	340

Оқу бағдарламаларына сәйкес негізгі орта білім беру деңгейінде «Математика», «Алгебра», «Геометрия» пәндерін оқытудың мақсаты – пән мазмұнын сапалы игеруді қамтамасыз ету, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту, ғылыми-жаратылыстану пәндерін игеруге қажетті

математикалық білім мен дағдылардың негіздерін игеру, оқу пәні материалдары негізінде білім алушылардың интеллектуалдық деңгейін дамыту болып табылады.

5-6-сыныптарда оқытылатын **«Математика» пәнінің** білім мазмұнында пәнді әрі қарай жалғастыруға қажетті материалдар игерілетін болғандықтан оқыту жүктемесін төмендету бұл сыныптарда қарастырылмаған, яғни оқу жоспарларында аптасына бөлінген 5 сағат оқу жүктемесі сақталған.

ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларының» 14-5-тармағына сәйкес бөлім бойынша жиынтық бағалау тоқсанына үш реттен артық өткізілмейді және бөлімді екі кезеңде өткізуге болады.

Төмендетілген оқу жүктемесімен оқу жоспарына сәйкес 7-8сыныптарда **«Геометрия» пәнінің** апталық жүктемесі 1 сағатты құрады. Сондықтан, ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес осы оқу жоспарымен оқытылатын «Геометрия» пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалау өткізілмеді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылды.

5-9 сыныптардағы **«Информатика» пәнін** оқыту білім алушыларды қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды практикада тиімді пайдалану үшін компьютерлік жүйелер, ақпараттық процестер, компьютерлік ойлау саласындағы базалық біліммен және дағдылармен қамтамасыз етуге бағытталған. ҚР БҒМ «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына (2019 жылғы 26 қарашада № 509 өзгерістер мен толықтырулар) 14-4-тармағына сәйкес оқу жүктемесі аптасына 1 сағат болған жағдайда БЖБ бөлімдерді біріктіре отырып, бір тоқсанда екі реттен артық өткізілмейді, қорытынды баға жарты жылда қойылады. Осы тармаққа сәйкес 5-9 сыныптағы «Информатика» оқу пәнінен тек бөлім бойынша жиынтық бағалау жүргізілген және олардың қорытындысы бойынша жарты жылдық баға шығарылған.

**«Жаратылыстану» білім саласы** бойынша оқу процесі ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген оқу жоспарлары негізінде (2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) төмендетілген оқу жүктемесімен жүзеге асырылды. Жаратылыстану-ғылыми білім берудің мақсаты – табиғат құбылыстарын зерттеуде жүйелілік, сабақтастық принциптерін түсіну, ғылыми парадигманың өзгеруі жағдайында ғылыми дүниетаным мен әлемнің заманауи көрінісін қалыптастыру. Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары білім алушыларда міндеттерді анықтау, бақылау, болжау, жіктеу, талдау сияқты табиғатты танып, білу дағдыларын қалыптастырады.

Негізгі орта білім беру деңгейінде аталған білім саласы «Жаратылыстану», «Физика», «Химия», «Биология», «География» оқу пәндері аясында төмендетілген оқу жүктемесі көлемінде жүзеге асырылды.

*Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)*

№	Білімсалаларыжәнеоқупәндері	Сыныптарбойыншасағат саны										Жүктеме, сағат	
		5а	5б	6а	6б	7а	7б	8а	8б	9а	9б	Апталық	Жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>													
III	<b>Жаратылыстану</b>	1	1	1	1	4	4	4	4	8	8	36	1224
9	Жаратылыстану	1	1	1	1							4	136
10	Физика					1	1	1	1	2	2	8	272
11	Химия					1	1	1	1	2	2	8	272
12	Биология					1	1	1	1	2	2	8	272



13	География					1	1	1	1	2	2	8	272
----	-----------	--	--	--	--	---	---	---	---	---	---	---	-----

ҚР БҒМ «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына (2019 жылғы 26 қарашада № 509 өзгерістер мен толықтырулар) 14-4-тармағына сәйкес оқу жүктемесі аптасына 1 сағат болған жағдайда БЖБ бөлімдерді біріктіре отырып, бір тоқсанда екі реттен артық өткізілмейді, қорытынды баға жарты жылдыққа қойылады. Осы тармаққа сәйкес 5-9 сыныптардағы «Жаратылыстану» білім саласының барлық оқу пәндерінен тек бөлім бойынша жиынтық бағалау жүргізілген және олардың қорытындысы бойынша жартыжылдық баға шығарылған. Сонымен қатар 7-9-сыныптарда физика, химия, биология оқу пәндерінен оқу бағдарламасы бойынша қарастырылған зертханалық, практикалық жұмыстар мен модельдеу жұмыстары орындалған, күнтізбелік-тақырыптық жоспарда көрсетілген. «Адам және қоғам» білім беру саласының оқу пәндерінің мазмұны «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» және «Өзін-өзі тану» оқу пәндерінде іске асырылады. «Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны білім алушыларда «Адам – Қоғам» жүйесі шеңберінде қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар бойынша білім негіздерін қалыптастыруға бағытталады.

*Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)*

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша сағат саны										Жүктеме, сағат	
		5а	5б	6а	6б	7а	7б	8а	8б	9а	9б	Апталық	Жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>													
IV	Адам және қоғам	4	4	4	4	3	3	3	3	5	5	38	1292
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	1	1	1	1	2	2	16	544
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	10	340
16	Құқық негіздері									1	1	2	68
17	Өзін-өзі тану	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	10	340

Төмендетілген оқу жүктемесімен оқу жоспарына сәйкес 7-8-сыныптарда «Қазақстан тарихы» пәнінің апталық жүктемесі 1 сағатты құрады. Сондықтан, тоқсандық жиынтық бағалау өткізілмеді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылды.

«Дүниежүзі тарихы» пәні аптасына 1 сағаттан ғана оқытылатындықтан оқу пәнінен әр тоқсан сайын БЖБ өткізу ғана қарастырылған. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша 5-9-сыныптарда бөлім үшін жиынтық бағалау жүргізілді және олардың қорытындысы бойынша жартыжылдық баға қойылды, ал тоқсан бойынша жиынтық бағалау жүргізілмеді.

«Құқық негіздері» пәнін оқыту оқушылардың қоғамда әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті негізгі құқықтық білімдері мен дағдыларын меңгеруді қамтамасыз етуге бағытталған. «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша оқу жүктемесі: 9-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды. Бөлім үшін ғана жиынтық бағалау жүргізілді және олардың қорытындысы бойынша жарты жылдық баға қойылды.

5-9-сыныптардағы «Өзін-өзі тану» пәнінің базалық мазмұны төрт тарауды қамтиды: «Таным қуанышы»; «Адам болам десеңіз ...»; «Адам және әлем»; «Адамзаттың рухани тәжірибесі». Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 5-9-сыныптарда аптасына – 1 сағат, жылына – 34 сағатты құрады, әрбір жартыжылдықтың қорытындысы бойынша «сынақ» белгісі қойылды.

«Технология және өнер» білім саласы бойынша келесі пәндер оқытылған: 5-6-сыныптарда «Музыка» пәні, 5-9-сыныптар аралығында- «Көркем еңбек» пәні.

*Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)*

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша сағат саны										Жүктеме, сағат	
---	---------------------------------	-----------------------------	--	--	--	--	--	--	--	--	--	----------------	--

		5а	5б	6а	6б	7а	7б	8а	8б	9а	9б	Апталық	Жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>													
V	Технология және өнер	3	3	3	3	1	1	1	1	1	1	18	72
18	Музыка	1	1	1	1							4	136
19	Көркемсурет	2	2	2	2	1	1	1	1	1	1	14	476

«Музыка» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 5-6 сыныптарда – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құраған. «Музыка» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. «Музыка» пәні бойынша жартыжылдыққа және оқу жылының соңында «есептелінді» деген белгі жазылған.

«Көркем еңбек» оқу пәнінің 5-9-сыныптарға арналған оқу бағдарламасының мазмұны оқыту мақсаттары жүйесінің шығармашылық әрекет үдерісі барысында тәжірибелік және негізгі білім қалыптастыруға бағытталған үш бөлім бойынша ұйымдастырылған. «Көркем еңбек» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 5-6 сыныптарда – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты; 7-9 сыныптарда – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құраған. «Көркем еңбек» пәні бойынша да жиынтық бағалау өткізілмейді, жартыжылдыққа және оқу жылының соңында «есептелінді» белгісі қойылған.

**5-9-сыныптарға арналған «Дене шынықтыру» пәнінен** оқу бағдарламасының басты мақсаты – ағзаның бүкіл жүйелерін дамыту, оқушылардың дене дамуы қасиеттерін және олармен байланысты қабілеттерін жетілдіру. Мектептегі білім беру контекстінде дене шынықтыру білім алушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттайды. «Дене шынықтыру» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі 5-9 сыныптарда – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 102 сағатты құрайды. Бағдарламаның үшінші сағаты оқушылардың белсенділігін арттыруды мақсат еткен қозғалмалы спорттық ойындарға бағытталған. «Дене шынықтыру» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. «Дене шынықтыру» пәні бойынша тоқсан, жартыжылдық және оқу жылының соңында «есептелінді» белгісі қойылды.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 6 қаңтардағы №3 бұйрығы, облыстық білім басқармасының 2022 жылдың 10 қаңтардағы №3 бұйрығын басшылыққа ала отырып, «2021-2022 жылдың 3 тоқсандағы оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру туралы» эстетикалық бағыттағы мектеп – гимназияның 2022 жылдың 15 қаңтарындағы бұйрығы негізінде 3 оқу тоқсаны 2022 жылдың 17 қаңтарынан басталған болатын. Оқу бағдарламасын толық орындау мақсатында мереке күндеріне түскен сабақтардың тақырыптарын оқу мақсаттарына сай біріктіріп және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру комитетінің 2022 жылғы 15 наурыздағы №18-2/120-И қызметтік хатына орай, 2021-2022 оқу жылындағы 3 тоқсандағы (10-15қаңтар) өткізілмеген апталық оқу бағдарламалардың тақырыптары 4 тоқсанға біріктіріп өткізілді. Күнделік электрондық жүйесінде 2021-2022 оқу жылында оқу бағдарламасы толық 100% орындалып отыр.

### **Жалпы орта білім беру**

Жалпы орта білім берудің мақсаты-кең ауқымды дағдыларды дамыту негізінде білім алушылардың жоғары оқу орындарында білімін жалғастыруы және кәсіби өзін-өзі анықтауы үшін академиялық дайындығын қамтамасыз етуге қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады.

10-11-сыныпта оқу процесі «ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасы» және «ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР БҒМ 2019 жылғы 7 наурыздағы №105 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 12 наурызда № 18382 болып тіркелді) бекітілген Ұзақ мерзімді жоспар негізінде жүзеге асырылды.

2021-2022 оқу жылында мектепбойынша оқыту процесі 10-11 сыныптарда № 415 бұйрығының 1 қосымшаға, №125 бұйрықтың 100 қосымшасына сәйкес жүргізілді.

№	Оқу пәндері	Сыныпбойыншасағат саны	Сыныпбойынша апталықсағат саны	Жалпы жүктеме	
		10А	11А	апталық	жылдық
<b>Инвариантты компонент</b>					
1	Қазақ тілі	1	1	2	68
2	Қазақ әдебиеті	2	2	4	136
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	4	136
4	Шет тілі	3	3	6	204
5	Алгебра және анализ бастамалары	4	4	4	136
6	Геометрия	2	2	4	136
7	Информатика	2	2	4	136
8	Физика	2			
9	Химия	2			
10	Биология	2			
11	География	2			
12	Қазақстан тарихы	2	2	4	136
13	Дүниежүзі тарихы	1			
14	Құқық негіздері	1		1	34
15	Өзін өзі тану	1	1	2	68
16	Дене шынықтыру	3	3	6	204
17	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	2	68

Инвариантты компоненттің міндетті пәндері аясында келесі пәндер оқытылды: «Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия», «Информатика», «Орыс тілі», «Орыс әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Шетел тілі», «Қазақстан тарихы», «Өзін өзі тану», «Дене шынықтыру», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық». Барлығы-11 пән. Таңдаған бағыттарына орай сыныптарда аталған пәндердің оқу жүктеу мөлшері әртүрлі. Пәндер бойынша жиынтық бағалауды жүргізу «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес өткізілді. Тілдік пәндер үшін бөлім бойынша жиынтық бағалау сөйлеу әрекетінің екі түрін біріктіреді (мысалы, тыңдау және сөйлеу, оқу мен жазу). Жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша тереңдетілген деңгейде 11-сыныбында биология-химия пәндері таңдалынды. Стандарттық деңгейде 11 сыныпта да «Бизнес және кәсіпкерлік» курсы таңдалынып, оқытылды.

№	Оқу пәндері	Сыныпбойыншасағат саны	Сыныпбойынша апталықсағат саны	Жалпы жүктеме	
			11А	апталық	жылдық
<b>Таңдау бойынша пәндер</b>					
<b>Тереңдетілген деңгей</b>			<b>2 сағаттан 2 пән</b>		
13	Химия		4	4	136
14	Биология		4	4	136
<b>Стандартты деңгей</b>			<b>2 сағаттан 1 пән</b>		
16	Бизнес және кәсіпкерлік		2	2	68

Пәндер бойынша жиынтық бағалауды жүргізу «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес өткізілді. Оқу бағдарламасын толық орындау мақсатында мереке күндеріне түскен сабақтардың тақырыптарын оқу мақсаттарына сай біріктіріп және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру комитетінің 2022 жылғы 15 наурыздағы №18-2/120-И қызметтік хатына орай, 2021-2022 оқу жылындағы 3 тоқсандағы (10-15қаңтар) өткізілмеген апталық оқу бағдарламалардың тақырыптары 4 тоқсанға біріктіріп өткізілді. Күнделік электрондық жүйесінде 2021-2022 оқу жылында оқу бағдарламасы толық 100% орындалып отыр.

### **2022-2023 оқу жылында Бастауыш білім беру**

Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сай бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының I тарауының 2-қосымшасының 1 тармағында бастауыш білім берудің базалық мазмұны – типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан білім беру ұйымында оқып білуге міндетті бастауыш білім беру мазмұнының құрамы, құрылымы мен көлемі деп көрсетілген. Бастауыш, негізгі, жалпы білім берудің оқу жоспары Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 11,16,86 қосымшасы негізінде жүзеге асырылды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына өзгерістер енгізілуіне байланысты (*Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы*) 8,13,39 қосымшасы негізінде жүзеге асырылып отыр.

Сонымен бірге, 2022-2023 оқу жылында 1 сыныптарда оқу ұзақтығы – 35 оқу аптасын, 2-11 сыныптарда – 36 оқу аптасын құрайды.

Бастауыш білім берудің мақсаты мынадай кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады. Білім алушылардың дайындық деңгейі «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру» сияқты бірнеше мәнделес оқу пәндерін біріктіретін әрбір білім беру саласының ерекшеліктері ескеріле отырып жобаланған оқытудан күтілетін нәтижелер арқылы айқындалады.

**«Тіл және әдебиет» білім беру саласы: 39**

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны «Сауат ашу», «Қазақ тілі» қазақ тілінде оқытатын сыныптарда, «Русский язык» орыс тілінде оқытатын сыныптарда, оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда «Қазақ тілі», оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда «Русский язык», «Әдебиеттік оқу», «Шетел тілі» пәндерінде жүзеге асырылып келеді.

*Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)*

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны											Жалпы жүктеме, сағат	
		1а	1ә	1г	2а	2ә	2б	3а	3ә	4а	4ә	4б	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент														
<b>I</b>	<b>Тіл және әдебиет</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>11</b>	<b>11</b>	<b>11</b>	<b>11</b>	<b>11</b>	<b>11</b>	<b>11</b>	<b>101</b>	<b>3612</b>
1	Әліппе	6	6	6	6	0	0	0	0	0	0	0	<b>24</b>	<b>864</b>
2	Қазақ тілі					4	4	4	4	4	4	4	<b>28</b>	<b>1008</b>
3	Әдебиеттік оқу					3	3	3	3	3	3	3	<b>21</b>	<b>756</b>
4	Орыс тілі (Я2)					2	2	2	2	2	2	2	<b>14</b>	<b>504</b>
5	Шетел тілі					2	2	2	2	2	2	2	<b>14</b>	<b>504</b>

**«Шетел тілі»**

Мектепте «шетел тілі» ретінде «ағылшын тілі» пәні таңдалып оқытылып келеді.

Бастауыш мектепте «Ағылшын тілі» пәнін оқытудың мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану. Бастауыш білім беру деңгейінде тілдік пәндерден сабақ беретін мұғалімдер (қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі) күнтізбелік-тақырыптық жоспарды әзірлеуде ортақ тақырыптарды ескерілген. 2022 – 2023 оқу жылы «Ағылшын тілі» пәні ҚР БҒМ 2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен (5-қосымша) бекітілген 1- 4 сыныптарға арналған Үлгілік оқу бағдарламалары негізінде оқытылады. 2-4 сыныптарда «Шетел тілі» пәнін оқу білім алушылардың тілдің А1 деңгейін меңгереді.

«Математика және информатика» білім беру саласы: «Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны «Математика», «Цифрлық сауаттылық» оқу пәндерінде іске асырылды.

Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)

№	Білім салалары және оқу пәні	Сыныптар бойынша апталық сағат саны											Жалпы жүктеме, сағат	
		1а	1ә	1б	2а	2ә	2б	3а	3ә	4а	4ә	4б	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент														
II	Математика және информатика	4,5	4,5	4,5	4,5	5	5	6	6	6	6	6	58	2088
6	Математика	4	4	4	4	4	4	5	5	5	5	5	49	1764
7	Цифрлық сауаттылық	0,5	0,5	0,5	0,5	1	1	1	1	1	1	1	9	322

«Математика» пәні ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен бекітілген (11-қосымша) «Математика» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқытылады. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Математика» пәнінің негізгі мақсаты – білім алушылардың логикалық ойлауын дамыту арқылы математикалық білім негіздерін қалыптастыру.

«Цифрлық сауаттылық» оқу пәні (1-сыныптан басқа), «Информатика» пәндерін оқыту кезінде сыныпты 2,3,4 сыныптарда топты екіге бөлу арқылы жүзеге асырылды. 1-сыныпта «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні оқу жылының II жарты жылдығынан бастап аптасына 1 сағаттан оқытылады. «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген № 496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

Бастауыш сатыда «Цифрлық сауаттылық» пәнінен бөлімдер мен тоқсан бойынша жиынтық бағалаулар жүргізілмейді. Жартыжылдықтар соңында «Цифрлық сауаттылық» пәні бойынша «есептелді» («есептелмеді») қойылады.

«Жаратылыстану» білім саласы:

«Жаратылыстану» білім беру саласының мазмұны «Жаратылыстану» оқу пәнінде іске асырылады. «Жаратылыстану» пәні ҚР БҒМ 2018 жылғы 10 мамырдағы №199 бұйрығымен бекітілген (7-қосымша) «Жаратылыстану» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқытылады. Үлгілік оқу жоспарының (жаңартылған мазмұн және оқу жүктемесі төмендетілген) 3-4-сыныптарда «Жаратылыстану» пәнін оқытуға бөлінген апталық оқу жүктемесінің көлемі 1 сағатты құрады.

Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)

№	Білім салалары және оқу пәні	Сыныптар бойынша апталық сағат саны											Жалпы жүктеме, сағат	
		1а	1ә	1б	2а	2ә	2б	3а	3ә	4а	4ә	4б	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент														
II I	Жаратылыстану	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	11	392
8	Жаратылыстану	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	11	392

Оқу жүктемесі төмендетілген Үлгілік оқу жоспары бойынша ҚР Білім және ғылым министрінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының 14-4-тармағына сәйкес төмендетілген жүктемемен Үлгілік оқу жоспары бойынша 2-4-сыныптарда «Жаратылыстану» пәні аптасына 1 сағат оқытылатындықтан 2022-2023 оқу жылының әр тоқсаны бойынша ГЖБ жүргізілмеді.

Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына өзгерістер енгізілуіне байланысты (Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы) 11,12 қосымшасы негізінде 2022 жылдың 2 тоқсанынан бастап, оқу жоспарының инварианттық бөлігіне өзгеріс енгізілді. «Жаратылыстану» білім беру саласы бойынша қазақ және орыс сыныптарында 3,4 сыныпқа жаратылыстану пәніне қосымша 1 сағаттан қосылды.

**«Адам және қоғам»** білім беру саласы:

«Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны «Дүниетану» пәнінде іске асырылады. «Адам және қоғам» білім беру саласы пәндерінің мазмұны «Адам - Қоғам» жүйесі шеңберінде кіріспе білімді қамтамасыз етуге бағытталған. Пәндердің мазмұны қоғамдық қатынастардың өткені мен бүгінін, олардың өзара байланысын, адамдардың отбасындағы, қоғамдағы өзара қарым-қатынастарын танып – білуге; өз Отаны үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруға, отбасындағы, жергілікті, өңірлік, ұлттық және жаһандық қауымдастықтағы өз орнын ұғуға; өз халқының және басқа да халықтардың мәдениетіне деген құрмет сезімін дамытуға өз қылығы үшін жеке басы жауапкершілігін ұғынуына, басқа адамдардың сезімдерін түсінуге және бірге бөлісуге, адам мен қоршаған ортаға деген ізгілік қатынасын тәрбиелеуге бағытталды.

*Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)*

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны										Жалпы жүктеме, сағат		
		1а	1ә	1б	2а	2ә	2б	3а	3ә	4а	4ә	4б	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент														
IV	Адам және қоғам	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	11	392
9	Дүниетану	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	11	392

**«Технология және өнер»** білім саласы:

«Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка», «Көркем еңбек», «Еңбекке бауылу» және «Бейнелеу өнері» оқу пәндері арқылы беріледі.

**«Музыка»** пәнін оқытудың мақсаты – білім алушылардың музыка бойынша негізгі білімі мен біліктерін, музыкалық іс-әрекеттерде шығармашылықпен өз ойын жеткізу және қарым-қатынас жасау тәсілдерін меңгеру, ұлттық және жалпыадамзаттық мәдениеттің адамгершілік-эстетикалық құндылықтары туралы түсініктерін қалыптастыру, музыкалық және шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады. «Музыка» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат; 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат; 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат, 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды. «Музыка» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. 2-4 сыныптарда «Музыка» пәні бойынша жартыжылдыққа және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қойылды.

**«Көркем еңбек»** – «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» оқу пәндерін біріктіретін кіріктірілген пән. «Көркем еңбек» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 36 сағат; 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 36 сағатты; 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 36 сағатты құрайды. Түрлі материалдармен жұмыс істеу білім алушылардың технологиялық ойлауын, көркем-эстетикалық талғамын, шығармашылық, есте сақтау қабілеттерін, кеңістіктік қиялын, қиялы мен қол моторикасын дамытуға, көзбен нақты мөлшерлеу қабілетін

жетілдіреді. Мұғалім және білім алушылар әртүрлі жұмыс түрлерін орындау барысында еңбек гигиенасының және қауіпсіздік техникасының ережелерін сақтады. «Көркем еңбек» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді, жартыжылдыққа және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қойылады.

**«Еңбекке баулу»** оқу пәні «Еңбекке баулу» пәні 2022-2023 оқу жылынан бастап, тек 1 – сыныптар үшін «Көркем еңбек» оқу пәнінен ажыратылып, бөлек пән ретінде оқытылады. «Еңбекке баулу» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 35 сағатты құрайды. «Еңбекке баулу» пәнінің мақсаты – білім алушыны еңбек іс-әрекетіне дағдыландыру, олардың қарапайым құралдармен және әртүрлі материалдармен жұмыс жасау біліктілігін қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту.

**«Бейнелеу өнері»** оқу пәні «Бейнелеу өнері» пәні 2022-2023 оқу жылынан бастап, тек 1- сыныптар үшін «Көркем еңбек» оқу пәнінен ажыратылып, бөлек пән ретінде оқытылады. «Бейнелеу өнері» пәнін оқытудың басты мақсаты - білім алушының қоршаған ортаны бейнелі қабылдау арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту, оларды көркем өнерге баулу. «Бейнелеу өнері» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 35 сағат. 1 сыныптарда бағалау жүргізілмейді.

*Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)*

№	Білімсалаларыжәнеоқу пәндері	Сыныптарбойыншаапталықсағат саны										Жалпыжүктеме, сағат		
		1а	1ә	1б	2а	2ә	2б	3а	3ә	4а	4ә	4б	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент														
V	Технология және өнер	3	3	3	3	2	2	2	2	2	2	2	26	924
10	Музыка	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	11	392
11	Көркем еңбек					1	1	1	1	1	1	1	7	252
12	Еңбекке баулу	1	1	1	1								4	140
13	Бейнелеу өнері	1	1	1	1								4	140

**«Дене шынықтыру»** білім саласы:

«Дене шынықтыру» білім саласының мазмұнына «Дене шынықтыру» пәні енгізілген. Дене шынықтыруды оқытудың мақсаты денені салауатты шынықтыруға, спорттық-спецификалық қозғалу дағдылары мен дене бітімі қабілеттерін меңгеруге бағытталған дене шынықтырудың негіздерін қалыптастыру болып табылады.

*Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)*

№	Білімсалаларыжәнеоқу пәндері	Сыныптарбойыншаапталықсағат саны										Жалпыжүктеме, сағат		
		1а	1ә	1б	2а	2ә	2б	3а	3б	4а	4ә	4б	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент														
VI	Дене шынықтыру	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	22	784
14	Дене шынықтыру	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	22	784

Бастауыш және негізгі білім беру деңгейінде оқытылатын «Дене шынықтыру» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі үлгілік оқу жоспарының оқу түріне байланысты төмендетілген оқу жүктемесімен аптасына 2 сағат беріліп отыр. Пән бойынша бағдарламаның әрбір үшінші сағаты білім алушылардың қозғалыс белсенділігін арттыруға «спорттық ойындарға» беріліп отыр. «Дене шынықтыру» пәні бойынша 1 тоқсаны бойынша «есептелінді»/«есептелінген жоқ» бағасы сынып журналына қойылды.

«Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру» білім салалары бойынша барлық оқу пәндерінен «Күнделік» электрондық жүйесінде 2022 - 2023 оқу жылында оқу бағдарламасы тоқсаны бойынша 100% орындалып отыр.

**Негізгі орта білім беру**



«Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 363 бұйрығына сәйкес 2022-2023 оқу жылындағы басты ерекшелігі- оқу аптасының ұзақтығы 36 аптаны құрап отыр.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығына сай негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 3-қосымшасының 2 тарауында негізгі орта білім берудің мазмұны оқу нәтижелеріне бағдарланады және Стандарт талаптары негізінде әзірленетін оқу пәндерінің оқу бағдарламаларымен айқындалатындығы атап көрсетілген. Негізгі орта білім берудің әр білім беру саласы бойынша базалық мазмұны білім алушыларға тек ғылым негіздерін оқытып қана қоймай, олардың тиімді әлеуметтенуіне ықпал ететін рухани, әлеуметтік және мәдени тәжірибелерін одан әрі дамытуды қамтамасыз етудің қажеттілігі ескеріле отырып анықталады. Негізгі орта білім берудің оқу жоспары оқыту тілдеріне қарай Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 16 қосымшалары негізінде төмендетілген оқу жүктемесімен жүзеге асырылды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына өзгерістер енгізілуіне байланысты (*Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы*) 13 қосымшалары негізінде жүзеге асырылып отыр. Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес сыныпты екі топқа бөлу сыныпта 24 және одан да көп білім алушы болғанда: 1) шетел тілдері; 2) көркем еңбек; 3) информатика пәндері екіге бөлініп оқытылады.

"Тіл және әдебиет" білім беру саласының мазмұны: 1) оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін "Қазақ тілі", "Қазақ әдебиеті" 2) "Шетел тілі" (ағылшын тілі) пәні аясында жүзеге асырылуда.

*Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)*

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша сағат саны										Жүктеме, сағат	
		5 а	5 б	6 а	6 б	7 а	7 б	8 а	8 б	9 а	9 б	Апталық	Жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>													
<b>І</b>	<b>Тіл және әдебиет</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>104</b>	<b>3744</b>
1	Қазақ тілі	3	3	3	3	2	2	2	2	2	2	<b>24</b>	<b>864</b>
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	<b>20</b>	<b>720</b>
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	<b>30</b>	<b>1080</b>
4	Шетел тілі	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	<b>30</b>	<b>1080</b>

5-9-сыныптар бойынша «Қазақ тілі» пәнінің оқыту мақсаттары арқылы білім алушылардың тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым әрекеттері жүзеге асырыла отырып, олардың коммуникативтік қарым-қатынас дағдысы қалыптасады.

«Қазақ әдебиеті» пәнінен 5-9-сыныптардағы оқу процесі оқу бағдарламасына сай үш негізгі дағдыны басшылыққа алады: түсіну және жауап беру; анализ және интерпретация; бағалау және салыстыру. Негізгі орта білім беру деңгейінің 6 және 7-сыныптарында «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық мазмұнына «Өлкетану» материалдары кіріктірілген. Өлкетану материалдары 6, 7-сыныптарда 2 сағаттан 4 сағат көлемінде оқытылады. Өлкетану материалдары оқу бағдарламасының базалық білім мазмұны мен ұзақ мерзімді жоспардың 3 және 4-тоқсандарына енгізілді.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқыту мақсаты- оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту, қазақ тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

«Орыс тілі» пәні бойынша оқу бағдарламаларына сәйкес грамматикалық тақырыптар сөйлеу тақырыптары аясында оқытылады. Оқу жылының ұзаруына байланысты пайда

болған қосымша сағаттарды қайталауға, өтілген материалды бекітуге және күрделі тақырыптарды оқуға пайдалану ұсынылған.

«Орыс әдебиеті» пәнін оқыту оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру, коммуникативтік қабілеттерін, оқылым және тілдік мәдениеттерін қалыптастыруда және эстетикалық тәрбиелеуде басты роль атқарады. Оқу жылының ұзаруына байланысты пайда болған қосымша сағаттарды қайталауға, өтілген материалды бекітуге және күрделі тақырыптарды оқуға пайдалану ұсынылған.

Оқытуы қазақ тіліндегі сыныптардағы «Орыс тілі мен әдебиеті» (Я2) пәнін оқытудың маңыздылығы- орыс тілінің еліміздегі ұлтаралық қатынас құралы болып табылуында. «Орыс тілі мен әдебиеті» пәнін оқыту ауызша және жазбаша сөйлеудің коммуникативті дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

«Шет тілі» («Ағылшын тілі») оқу пәні «Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұнында жүзеге асырылады. Оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленді. Пәннің оқу бағдарламасы білім алушылардың талдау, бағалау және шығармашылық ойлауды қалыптастыратын түрлі тапсырмаларды орындау, ауызша және жазбаша түрдегі дереккөздердің сан алуан түрлері, ынталандыратын және қызықты пәндік мазмұн арқылы білім алушылардың шетел тілінен жалпыеуропалық құзыреттеріне (CEFR) сәйкес деңгейлеріне жету мақсатын көздейді.

Барлық тілдік пәндер бойынша жиынтық бағалау «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес негізгі орта білім беру деңгейінде «Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны "Математика", "Алгебра", "Геометрия", "Информатика" оқу пәндерінде іске асырылады.

*Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)*

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша сағат саны										Жүктеме, сағат	
		5а	5б	6а	6б	7а	7б	8а	8б	9а	9б	Апталық	Жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>													
II	<b>Математика және информатика</b>	6	6	6	6	5	5	5	5	5	5	54	1944
5	Математика	5	5	5	5							20	720
6	Алгебра					3	3	3	3	3	3	18	648
7	Геометрия					1	1	1	1	1	1	6	216
8	Информатика	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	10	360

2022 жылдың 2 тоқсанынан бастап, Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына өзгерістер енгізілуіне байланысты (Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы) 16-қосымшасы негізінде- оқу жоспарының инварианттық бөлігіне өзгеріс енгізілді -7-9 сыныптарда «Алгебра» пәніне қосымша 1 сағаттан қосылды.

*Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)*

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша сағат саны										Жүктеме, сағат	
		5а	5б	6а	6б	7а	7б	8а	8б	9а	9б	Апталық	Жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>													

<b>II</b>	<b>Математика және информатика</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>5</b>	<b>5</b>	<b>5</b>	<b>5</b>	<b>5</b>	<b>5</b>	<b>54</b>	<b>1944</b>
5	Математика	5	5	5	5							20	720
6	Алгебра					3	3	3	3	3	3	18	648
7	Геометрия					1	1	1	1	1	1	6	216
8	Информатика	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	10	360

Төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарына сәйкес 7-9-сыныптарда «Геометрия» пәнінің апталық жүктемесі 1 сағатты құрайды. Сондықтан, осы оқу жоспарымен оқытылатын «Геометрия» пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалау өткізілмейді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады.

5-9 сыныптардағы «Информатика» оқу пәнінен тек бөлім бойынша жиынтық бағалау жүргізіледі және олардың қорытындысы бойынша жартыжылдық баға қойылады, ал тоқсан бойынша жиынтық бағалау жүргізілмейді.

«Жаратылыстану» оқу пәнінің мазмұны «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес "Жаратылыстану" білім беру саласының мазмұны "Жаратылыстану", "Физика", "Химия", "Биология", "География" оқу пәндерінде іске асырылады. 5-6 сыныптарда «Жаратылыстану», 7-9 сыныптарда «Физика», «Химия», «Биология», «География» пәндері аясында жүргізіледі.

*Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)*

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша сағат саны										Жүктеме, сағат	
		5а	5б	6а	6б	7а	7б	8а	8б	9а	9б	Апталық	Жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>													
<b>II</b>	<b>Жаратылыстану</b>	1	1	1	1	4	4	4	4	4	4	<b>28</b>	<b>1008</b>
9	Жаратылыстану	1	1	1	1							4	144
10	Физика					1	1	1	1	1	1	6	216
11	Химия					1	1	1	1	1	1	6	216
12	Биология					1	1	1	1	1	1	6	216
13	География					1	1	1	1	1	1	6	216

2022 жылдың 2 тоқсанынан бастап, Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына өзгерістер енгізілуіне байланысты (*Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы*) 16-қосымшасы негізінде- оқу жоспарының инварианттық бөлігіне өзгеріс енгізілді. 5-6 сыныптарда «Жаратылыстану» пәніне, 7-9 сыныптарда «Физика», «Химия», «Биология» пәндеріне қосымша 1 сағаттан қосылды.

*Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)*

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша сағат саны										Жүктеме, сағат	
		5а	5б	6а	6б	7а	7б	8а	8б	9а	9б	Апталық	Жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>													
<b>III</b>	<b>Жаратылыстану</b>	2	2	2	2	7	7	7	7	7	7	<b>50</b>	<b>1800</b>
9	Жаратылыстану	2	2	2	2							8	288
10	Физика					2	2	2	2	2	2	12	432
11	Химия					2	2	2	2	2	2	12	432
12	Биология					2	2	2	2	2	2	12	432
13	География					1	1	1	1	1	1	6	216

2022-2023 оқу жылында «Жаратылыстану» оқу пәні бойынша оқу процесін ұйымдастыруда 5-6-сыныптарда пәннің тәрбиелік әлеуетін іске асырудың үш басты бағытын көрсетуге болады: оқу материал мазмұнын іріктеу, сабақ құрылымын жетілдіру, қарым-қатынасты ұйымдастыру.

«Физика» пәнін оқыту мақсаты - білім алушылардың ғылыми дүниетанымдық негіздерін, әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауын, өмірде маңызды практикалық мәселелерді шешуде табиғат құбылыстарын бақылау, жазу, талдау қабілеттерін қалыптастыру болып табылады. 7-9-сыныптарда «Физика» пәнін оқытуда пәннің практикалық бағыттылығы күшейтіледі. Зертханалық және практикалық жұмыстың қажетті көлемін орындау үшін ақпараттық және компьютерлік технологияларды пайдалану ұсынылады.

«Химия», «Биология», «География» оқу пәндерінің мазмұнына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларына сәйкес зертханалық, практикалық және модельдеу жұмыстарын жүргізу қарастырылған. Зертханалық жұмыстарды жүргізудің мақсаты зерделенген теориялық материал негізінде оқу-зерттеу және нақты практикалық міндеттерді шешу тәжірибесін алу; маңызды теориялық ережелерді эксперимент бойынша дәлелдеу және бағалау, зерттеу жұмысының дағдыларын игеру арқылы практикалық міндеттерді шеше білу болып табылады. Практикалық жұмыстардың мақсаты - оқушылардың білімін бекіту, нақтылау, практикалық дағдыларын қалыптастыру және дағдыларын жетілдіру болып табылады.

"Адам және қоғам" білім беру саласының оқу пәндерінің мазмұны "Қазақстан тарихы", "Дүниежүзі тарихы", "Құқық негіздері" оқу пәндерінде іске асырылады.

*Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)*

№	Білім салалары және оқу пәні	Сыныптар бойынша сағат саны										Жүктеме, сағат	
		5 а	5 б	6 а	6 б	7 а	7 б	8 а	8 б	9 а	9 б	Апталық	Жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>													
I V	Адам және қоғам	3	3	3	3	2	2	2	2	3	3	26	936
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	1	1	1	1	1	1	14	504
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	10	360
16	Құқық негіздері	0	0	0	0	0	0	0	0	1	1	2	72

2022 жылдың 2 тоқсанынан бастап, Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына өзгерістер енгізілуіне байланысты (*Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы*) 16-қосымшасы негізінде - оқу жоспарының инварианттық бөлігіне өзгеріс енгізілді - 7-9 сыныптарда «Қазақстан тарихы» пәнінен қосымша 1 сағат қосылды.

*Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)*

№	Білім салалары және оқу пәні	Сыныптар бойынша сағат саны										Жүктеме, сағат	
		5 а	5 б	6 а	6 б	7 а	7 б	8 а	8 б	9 а	9 б	Апталық	Жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>													
I V	Адам және қоғам	3	3	3	3	3	3	3	3	4	4	32	1152
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	200	720
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	10	360
16	Құқық негіздері	0	0	0	0	0	0	0	0	1	1	2	72

Негізгі орта білім беру деңгейінде «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам» білім беру салаларының пәндері бойынша оқушыларды жиынтық бағалау «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды

аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

"Технология және өнер" білім беру саласының мазмұны "Музыка", "Көркем еңбек" оқу пәндерінде іске асырылады.

Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша сағат саны										Жүктеме, сағат	
		5 а	5 б	6 а	6 б	7 а	7 б	8 а	8 б	9 а	9 б	Апталық	Жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>													
V	Технология және өнер	3	3	3	3	1	1	1	1	1	1	18	648
17	Музыка	1	1	1	1							4	144
18	Көркем еңбек	2	2	2	2	1	1	1	1	1	1	14	504

«Дене шынықтыру» білім беру саласының мазмұны «Дене шынықтыру» оқу пәнінде іске асырылады. «Дене шынықтыру» білім беру саласының мазмұны денсаулықты нығайтуға, денешынықтыру-сауықтыру және спорттық-сауықтыру іс-әрекеті дағдысы мен іскерлігіне, дене жаттығуларын жасауды өз бетінше ұйымдастыруға үйретуге, базалық және ұлттық спорт түрлерінің техникалық қимылдары мен амалдарын меңгеруге бағытталады.

«Дене шынықтыру» пәні топтарға бөлінбей оқытылады. Оқу жүктемесі төмендетілген оқу жоспарына сәйкес инвариантты бөліктен берілген екі сағат жүктемемен қатар, вариативті компонент есебінен «Дене шынықтыру» пәніне 1 сағат бөлінген және осы сағат көлемінде міндетті түрде спорттық ойындар жүргізілуі тиіс. Бағдарламаға сәйкес үшінші сағат білім алушылардың белсенділігін спорттық ойындар арқылы арттыруға бағытталған.

Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша сағат саны										Жүктеме, сағат	
		5 а	5 б	6 а	6 б	7 а	7 б	8 а	8 б	9 а	9 б	Апталық	Жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>													
V I	Дене шынықтыру	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	200	7200
19	Дене шынықтыру	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	200	7200

Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес «Музыка», «Көркем еңбек», «Дене шынықтыру» пәндері бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. 5-6 сыныптарда «Көркем еңбек», «Дене шынықтыру» пәндері бойынша әр тоқсан соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қойылады. 5-6 сыныптарда «Музыка» пәні бойынша, 7-9 сыныптарда «Көркем еңбек» пәні бойынша жарты жылдыққа және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қойылады.

«Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру» білім салалары бойынша барлық оқу пәндерінен «Күнделік» электрондық жүйесінде 2022 - 2023 оқу жылында оқу бағдарламасы әр тоқсаны бойынша 100% орындалып отыр.

#### Жалпы орта білім беру

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің

2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жалпы орта білім берудің мақсаты - кең ауқымды дағдыларды дамыту арқылы оқушылардың болашақта жоғары оқу орындарында білімін жалғастыруы және кәсіби өзін-өзі анықтауы үшін академиялық дайындығын қамтамасыз етуге қолайлы білім беру ортасын жасау болып табылады.

Жалпы орта білім беруді жүзеге асыру барысында үлгілік оқу жоспарына сай міндетті оқу пәндері жаратылыстану-математикалық бағытта оқушылардың қажеттіліктері мен таңдауларына байланысты оқыту жүргізіледі.

*жаратылыстану-математикалық бағыт-оқыту тілі қазақша*

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша сағат саны	Сыныптар бойынша сағат саны	Жалпы жүктеме	
		10А	11А	апталық	жылдық
<b>Инвариантты компонент</b>					
1	Қазақ тілі	1	1	2	72
2	Қазақ әдебиеті	2	2	4	144
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	4	144
4	Шетел тілі	3	3	6	216
5	Алгебра және анализ бастамалары	4	4	8	288
6	Геометрия	2	2	4	144
7	Информатика	2	2	4	144
8	Физика	2	2	4	144
9	Химия	2	2	4	144
10	Биология	2	2	4	144
11	География	2	2	4	144
12	Қазақстан тарихы	2	2	4	144
13	Дүниежүзі тарихы	1	1	2	72
14	Құқық негіздері	1	1	2	72
15	Дене шынықтыру	3	3	6	216
16	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	2	72

Таңдаған бағыттарына орай сыныптарда міндетті пәндердің оқу жүктемелері әртүрлі. Пәндер бойынша жиынтық бағалауды жүргізу «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес өткізілді. «Дене шынықтыру», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәндері бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. Тоқсан, жартыжылдық және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») белгісі қойылады.

2022 жылдың 2 тоқсанынан бастап, Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына өзгерістер енгізілуіне байланысты (Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы) 39-қосымшасы негізінде оқу жоспарының міндетті пәндер бөлігінде келесі өзгерістер енгізілді.

*жаратылыстану-математикалық бағыт-оқыту тілі қазақша*

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша сағат саны	Сыныптар бойынша сағат саны	Жалпы жүктеме	
		10А	11А	апталық	жылдық
<b>Инвариантты компонент</b>					

1	Қазақ тілі	1	1	2	72
2	Қазақ әдебиеті	2	2	4	144
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	4	144
4	Шетел тілі	3	3	6	216
5	Алгебра және анализ бастамалары	4	4	8	288
6	Геометрия	2	2	4	144
7	Информатика	2	2	4	144
8	Физика	2	2	4	144
9	Химия	2	2	4	144
10	Биология	2	2	4	144
11	География	2	2	4	144
12	Қазақстан тарихы	2	2	4	144
13	Дүниежүзі тарихы	1	1	2	72
14	Құқық негіздері	1	1	2	72
15	Дене шынықтыру	3	3	6	216
16	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	2	72

Оқу жоспарына сәйкес міндетті, тереңдетілген, стандарттық бөлімдердегі барлық оқу пәндері бойынша жиынтық бағалауды жүргізу «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес өткізілді. «Күнделік» электрондық жүйесінде 2022 - 2023 оқу жылында оқу бағдарламасы әр тоқсаны бойынша 100% орындалып отыр.

#### 2023-2024 оқу жылында Бастауыш білім беру

Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сай бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының I тарауының 2-қосымшасының 1 тармағында бастауыш білім берудің базалық мазмұны – типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан білім беру ұйымында оқып білуге міндетті бастауыш білім беру мазмұнының құрамы, құрылымы мен көлемі деп көрсетілген. Бастауыш білім берудің оқу жоспары Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығының 1-қосымшасы негізінде жүзеге асырылды.

Сонымен бірге, 2023-2024 оқу жылында 1 сыныптарда оқу ұзақтығы – 33 оқу аптасын, 2-11 сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.

Бастауыш білім берудің мақсаты мынадай кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады. Білім алушылардың дайындық деңгейі «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру» сияқты бірнеше мәнделес оқу пәндерін біріктіретін әрбір білім беру саласының ерекшеліктері ескеріле отырып жобаланған оқытудан күтілетін нәтижелер арқылы айқындалады.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласы:

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны «Сауат ашу», «Қазақ тілі» қазақ тілінде оқытатын сыныптарда, оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда «Русский язык», «Әдебиеттік оқу», «Шетел тілі» пәндерінде жүзеге асырылып келеді.

*Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)*

№	Білімсалаларыжәнеоқу пәндері	Сыныптарбойыншаапталықсағат саны										Жалпыжүктеме, сағат	
		1а	1б	2а	2ә	2б	3а	3б	3ә	4а	4б	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент													



<b>I</b>	<b>Тілжәнеәдебиет</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>9</b>	<b>9</b>	<b>9</b>	<b>11</b>	<b>11</b>	<b>11</b>	<b>11</b>	<b>11</b>	<b>94</b>	<b>3196</b>
1	Әліппе, Ана тілі	6	6									12	408
2	Қазақтілі			4	4	4	4	4	4	4	4	32	1088
3	Әдебиеттіқоқу			3	3	3	3	3	3	3	3	24	816
4	Орыстілі			2	2	2	2	2	2	2	2	16	544
5	Шетелтілі						2	2	2	2	2	10	340

### «Шетел тілі»

Мектепте «шетел тілі» ретінде «ағылшын тілі» пәні таңдалып оқытылып келеді. Шетел тілі (ағылшын) пәндерінен топқа бөлініп оқытылды.

Бастауыш мектепте «Ағылшын тілі» пәнін оқытудың мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану. Бастауыш білім беру деңгейінде тілдік пәндерден сабақ беретін мұғалімдер (қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі) күнтізбелік-тақырыптық жоспарды әзірлеуде ортақ тақырыптарды ескерілген.

### «Русский язык (Я2)»

Бастауыш мектепте «Орыс тілі (Я2)» пәнін оқытудың мақсаты– тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру, сөйлеу әдебінің ережелерімен және тілдік нормаларын қарым-қатынас жағдайына қолдану, сөйлеу.

«Математика және информатика» білім беру саласы: «Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны «Математика», «Цифрлық сауаттылық» оқу пәндерінде іске асырылды.

*Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)*

№	Білімсалаларыжәнеоқупәндері	Сыныптарбойыншаапталықсағат саны										Жалпыжүктеме, сағат	
		1а	1б	2а	2ә	2б	3а	3б	3ә	4а	4б	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент													
<b>II</b>	<b>Математика және информатика</b>	<b>4,5</b>	<b>4,5</b>	<b>5</b>	<b>5</b>	<b>5</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>54</b>	<b>1836</b>
6	Математика	4	4	4	4	4	5	5	5	5	5	45	1530
7	Цифрлықсауаттылық	0,5	0,5	1	1	1	1	1	1	1	1	9	81

«Математика» пәні ҚР БҒМ 2018 жылғы 10 мамырдағы №199 бұйрығымен бекітілген (6-қосымша) «Математика» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқытылады. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Математика» пәнінің негізгі мақсаты – білім алушылардың логикалық ойлауын дамыту арқылы математикалық білім негіздерін қалыптастыру.

«Цифрлық сауаттылық» оқу пәні (1-сыныптан басқа), «Информатика» пәндерін оқыту кезінде сыныпты 2,3,4 сыныптарда топты екіге бөлу арқылы жүзеге асырылды. 1-сыныпта «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні оқу жылының II жарты жылдығынан бастап аптасына 1 сағаттан оқытылады. «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген № 496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

Бастауыш сатыда «Цифрлық сауаттылық» пәнінен бөлімдер мен тоқсан бойынша жиынтық бағалаулар жүргізілмейді. Жартыжылдықтар соңында «Цифрлық сауаттылық» пәні бойынша «есептелді» («есептелмеді») қойылады.

### «Жаратылыстану» білім саласы:

«Жаратылыстану» білім беру саласының мазмұны «Жаратылыстану» оқу пәнінде іске асырылады. «Жаратылыстану» пәні ҚР БҒМ 2018 жылғы 10 мамырдағы №199 бұйрығымен бекітілген (7-қосымша) «Жаратылыстану» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқытылады. Үлгілік оқу жоспарының (жаңартылған мазмұн және

оқу жүктемесі төмендетілген) 3-4-сыныптарда «Жаратылыстану» пәнін оқытуға бөлінген апталық оқу жүктемесінің көлемі 1 сағатты құрады.

*Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)*

№	Білімсалаларыжәнеоқуәндері	Сыныптарбойыншаапталықсағат саны										Жалпыжүктеме, сағат		
		1а	1б	2а	2ә	2б	3а	3б	3ә	4а	4б	Апталық	Жылдық	
Инварианттық компонент														
III	Жаратылыстану	1	1	1	1	1	2	2	2	2	2	15	510	
8	Жаратылыстану	1	1	1	1	1	2	2	2	2	2	15	510	

Оқу жүктемесі төмендетілген Үлгілік оқу жоспары бойынша ҚР Білім және ғылым министрінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының 14-4-тармағына сәйкес төмендетілген жүктемемен Үлгілік оқу жоспары бойынша 2-4-сыныптарда «Жаратылыстану» пәні аптасына 1 сағат оқытылатындықтан ТЖБ жүргізілмеді.

**«Адам және қоғам»** білім беру саласы:

«Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны «Дүниетану» пәнінде іске асырылады. «Адам және қоғам» білім беру саласы пәндерінің мазмұны «Адам - Қоғам» жүйесі шеңберінде кіріспе білімді қамтамасыз етуге бағытталған. Пәндердің мазмұны қоғамдық қатынастардың өткені мен бүгінін, олардың өзара байланысын, адамдардың отбасындағы, қоғамдағы өзара қарым-қатынастарын танып – білуге; өз Отаны үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруға, отбасындағы, жергілікті, өңірлік, ұлттық және жаһандық қауымдастықтағы өз орнын ұғуға; өз халқының және басқа да халықтардың мәдениетіне деген құрмет сезімін дамытуға өз қылығы үшін жеке басы жауапкершілігін ұғынуына, басқа адамдардың сезімдерін түсінуге және бірге бөлісуге, адам мен қоршаған ортаға деген ізгілік қатынасын тәрбиелеуге бағытталды.

*Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)*

№	Білімсалаларыжәнеоқуәндері	Сыныптарбойыншаапталықсағат саны										Жалпыжүктеме, сағат		
		1а	1б	2а	2ә	2б	3а	3б	3ә	4а	4б	Апталық	Жылдық	
Инварианттық компонент														
IV	Адам жәнеқоғам	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	10	340	
9	Дүниетану	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	10	340	

**«Технология және өнер»** білім саласы:

«Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка», «Көркем еңбек», «Еңбекке бауылу» және «Бейнелеу өнері» оқу пәндері арқылы беріледі.

**«Музыка»** пәнін оқытудың мақсаты – білім алушылардың музыка бойынша негізгі білімі мен біліктерін, музыкалық іс-әрекеттерде шығармашылықпен өз ойын жеткізу және қарым-қатынас жасау тәсілдерін меңгеру, ұлттық және жалпыадамзаттық мәдениеттің адамгершілік-эстетикалық құндылықтары туралы түсініктерін қалыптастыру, музыкалық және шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады. «Музыка» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат; 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат; 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат, 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды. «Музыка» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. 2-4 сыныптарда «Музыка» пәні бойынша жартыжылдыққа және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қойылды.

**«Көркем еңбек»**–«Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» оқу пәндерін біріктіретін кіріктірілген пән. «Көркем еңбек» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 2-

сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат; 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты; 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды. Түрлі материалдармен жұмыс істеу білім алушылардың технологиялық ойлауын, көркем-эстетикалық талғамын, шығармашылық, есте сақтау қабілеттерін, кеңістіктік қиялын, қиялы мен қол моторикасын дамытуға, көзбен нақты мөлшерлеу қабілетін жетілдіреді. Мұғалім және білім алушылар әртүрлі жұмыс түрлерін орындау барысында еңбек гигиенасының және қауіпсіздік техникасының ережелерін сақтады. «Көркем еңбек» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді, жартыжылдыққа және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қойылады.

«Еңбекке баулу» оқу пәні «Еңбекке баулу» пәні 2023-2024 оқу жылынан бастап, тек 1 – сыныптар үшін «Көркем еңбек» оқу пәнінен ажыратылып, бөлек пән ретінде оқытылады. «Еңбекке баулу» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағатты құрайды. «Еңбекке баулу» пәнінің мақсаты – білім алушыны еңбек іс-әрекетіне дағдыландыру, олардың қарапайым құралдармен және әртүрлі материалдармен жұмыс жасау біліктілігін қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту.

«Бейнелеу өнері» оқу пәні «Бейнелеу өнері» пәні 2023-2024 оқу жылынан бастап, тек 1-сыныптар үшін «Көркем еңбек» оқу пәнінен ажыратылып, бөлек пән ретінде оқытылады. «Бейнелеу өнері» пәнін оқытудың басты мақсаты - білім алушының қоршаған ортаны бейнелі қабылдау арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту, оларды көркем өнерге баулу. «Бейнелеу өнері» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат. 1 сыныптарда бағалау жүргізілмейді.

*Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)*

№	Білімсалаларыжәнеоқу пәндері	Сыныптарбойыншаапталықсағат саны										Жалпыжүктеме, сағат	
		1а	1б	2а	2ә	2б	3а	3б	3ә	4а	4б	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент													
V	Технология және өнер	3	3	3	3	3	2	2	2	2	2	25	850
10	Музыка	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	10	340
11	Көркем еңбек						1	1	1	1	1	5	170
12	Еңбекке баулу	1	1	1	1	1						5	170
13	Бейнелеу өнері	1	1	1	1	1						5	170

«Дене шынықтыру» білім саласы:

«Дене шынықтыру» білім саласының мазмұнына «Дене шынықтыру» пәні енгізілген. Дене шынықтыруды оқытудың мақсаты денені салауатты шынықтыруға, спорттық-спецификалық қозғалу дағдылары мен дене бітімі қабілеттерін меңгеруге бағытталған дене шынықтырудың негіздерін қалыптастыру болып табылады.

*Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)*

№	Білімсалаларыжәнеоқу пәндері	Сыныптарбойыншаапталықсағат саны										Жалпыжүктеме, сағат	
		1а	1б	2а	2ә	2б	3а	3б	3ә	4а	4б	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент													
VI	Дене шынықтыру	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	10	340
14	Дене шынықтыру	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	10	340

Бастауыш және негізгі білім беру деңгейінде оқытылатын «Дене шынықтыру» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі үлгілік оқу жоспарының оқу түріне байланысты төмендетілген оқу жүктемесімен аптасына 2 сағат беріліп отыр. Пән бойынша бағдарламаның әрбір үшінші сағаты білім алушылардың қозғалыс белсенділігін арттыруға «спорттық ойындарға» беріліп отыр. «Дене шынықтыру» пәні бойынша әр тоқсаны бойынша «есептелінді»/«есептелінген жоқ» бағасы сынып журналына қойылды.

«Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру» білім салалары бойынша барлық оқу пәндерінен «Күнделік» электрондық жүйесінде 2023 - 2024 оқу жылында оқу бағдарламасы әр тоқсаны бойынша 100% орындалып отыр.

### Негізгі орта білім беру

2023-2024 оқу жылында каникул кезеңдері 2023-2024 оқу жылының басталуы, ұзақтығы, каникул кезең орта білім беру ұйымдарында меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5- бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 29 тамыздағы №01-2-15/5174 И хаты және Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының 2023 жылғы 01 қыркүйектегі № 2-7/4739 хатын, Орал қаласының білім беру бөлімінің 2023 жылғы 05 қыркүйектегі № 2-16/2615 хатына сәйкес, оқу жылының басты ерекшелігі- оқу аптасының ұзақтығы 34 аптаны құрап отыр.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығына сай негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 3-қосымшасының 2 тарауында негізгі орта білім берудің мазмұны оқу нәтижелеріне бағдарланады және Стандарт талаптары негізінде әзірленетін оқу пәндерінің оқу бағдарламаларымен айқындалатындығы атап көрсетілген. Негізгі орта білім берудің әр білім беру саласы бойынша базалық мазмұны білім алушыларға тек ғылым негіздерін оқытып қана қоймай, олардың тиімді әлеуметтенуіне ықпал ететін рухани, әлеуметтік және мәдени тәжірибелерін одан әрі дамытуды қамтамасыз етудің қажеттілігі ескеріле отырып анықталады. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 16 қосымшасы негізінде жүзеге асырылып отыр. Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес сыныпты екі топқа бөлу сыныпта 24 және одан да көп білім алушы болғанда: 1) шетел тілдері; 2) көркем еңбек; 3) информатика пәндері екіге бөлініп оқытылады.

"Тіл және әдебиет" білім беру саласының мазмұны: 1) оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін "Қазақ тілі", "Қазақ әдебиеті"; 2) оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптар үшін "Орыс тілі мен әдебиеті"; 3) "Шетел тілі" (ағылшын тілі) пәні аясында жүзеге асырылуда.

Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша сағат саны												Жүктеме, сағат		
		5а	5ә	5б	6а	6б	6ә	7а	7б	8а	8б	9а	9б	Апталық	Жылдық	
<b>Инварианттық компонент</b>																
<b>I</b>	<b>Тіл және әдебиет</b>	<b>11</b>	<b>11</b>	<b>11</b>	<b>11</b>	<b>11</b>	<b>11</b>	<b>10</b>	<b>10</b>	<b>10</b>	<b>10</b>	<b>10</b>	<b>10</b>	<b>126</b>	<b>4284</b>	
1	Қазақ тілі	3	3	3	3	3	3	2	2	2	2	2	2	30	1020	
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	24	816	
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	36	1224	
4	Шетел тілі	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	36	1224	

5-9-сыныптар бойынша «Қазақ тілі» пәнінің оқыту мақсаттары арқылы білім алушылардың тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым әрекеттері жүзеге асырыла отырып, олардың коммуникативтік қарым-қатынас дағдысы қалыптасады.

«Қазақ әдебиеті» пәнінен 5-9-сыныптардағы оқу процесі оқу бағдарламасына сай үш негізгі дағдыны басшылыққа алады: түсіну және жауап беру; анализ және интерпретация; бағалау және салыстыру. Негізгі орта білім беру деңгейінің 6 және 7-сыныптарында «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық мазмұнына «Өлкетану» материалдары кіріктірілген. Өлкетану материалдары 6, 7-сыныптарда 2 сағаттан 4 сағат көлемінде оқытылады. Өлкетану материалдары оқу бағдарламасының базалық білім мазмұны мен ұзақ мерзімді жоспардың 3 және 4-тоқсандарына енгізілді.

Оқытуы қазақ тіліндегі сыныптардағы «Орыс тілі мен әдебиеті» (Я2) пәнін оқытудың маңыздылығы- орыс тілінің еліміздегі ұлтаралық қатынас құралы болып табылуында. «Орыс тілі мен әдебиеті» пәнін оқыту ауызша және жазбаша сөйлеудің коммуникативті дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Тілдерді меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (CEFR) сәйкес негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарын аяқтаушылар пәнді меңгергеннен кейін А 2 деңгейін меңгеруі тиіс.

«Шет тілі» («Ағылшын тілі») оқу пәні «Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұнында жүзеге асырылады. Оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленді. Пәннің оқу бағдарламасы білім алушылардың талдау, бағалау және шығармашылық ойлауды қалыптастыратын түрлі тапсырмаларды орындау, ауызша және жазбаша түрдегі дереккөздердің сан алуан түрлері, ынталандыратын және қызықты пәндік мазмұн арқылы білім алушылардың шетел тілінен жалпыеуропалық құзыреттеріне (CEFR) сәйкес деңгейлеріне жету мақсатын көздейді.

Барлық тілдік пәндер бойынша жиынтық бағалау «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес негізгі орта білім беру деңгейінде «Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны "Математика", "Алгебра", "Геометрия", "Информатика" оқу пәндерінде іске асырылады.

Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)

№	Білімсалаларыж энеоқуапәндері	Сыныптарбойыншасағат саны											Жүктеме, сағат		
		5а	5ә	5б	6а	6б	6ә	7а	7б	8а	8б	9а	9б	Апта лық	Жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>															
II	<b>Математика және информатика</b>	6	6	6	6	6	6	5	5	5	5	5	5	66	2244
5	Математика	5	5	5	5	5	5							30	1020
6	Алгебра							3	3	3	3	3	3	18	612
7	Геометрия							1	1	1	1	1	1	6	204
8	Информатика	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	12	408

«Жаратылыстану» оқу пәнінің мазмұны «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес "Жаратылыстану" білім беру саласының мазмұны "Жаратылыстану", "Физика", "Химия", "Биология", "География" оқу пәндерінде іске асырылады. 5-6 сыныптарда «Жаратылыстану», 7-9 сыныптарда «Физика», «Химия», «Биология», «География» пәндері аясында жүргізіледі.

Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)

№	Білімсалаларыж энеоқуапәндері	Сыныптарбойыншасағат саны											Жүктеме, сағат		
		5а	5ә	5б	6а	6б	6ә	7а	7б	8а	8б	9а	9б	Аптлық	Жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>															
III	<b>Жаратылыстану</b>	2	2	2	2	2	2	7	7	7	7	7	7	54	1836

9	Жаратылыстану	2	2	2	2	2	2							12	408
10	Физика							2	2	2	2	2	2	12	408
11	Химия							2	2	2	2	2	2	12	408
12	Биология							2	2	2	2	2	2	12	408
13	География							1	1	1	1	1	1	6	204

2023-2024 оқу жылында «Жаратылыстану» оқу пәні бойынша оқу процесін ұйымдастыруда 5-6-сыныптарда пәннің тәрбиелік әлеуетін іске асырудың үш басты бағытын көрсетуге болады: оқу материал мазмұнын іріктеу, сабақ құрылымын жетілдіру, қарым-қатынасты ұйымдастыру.

«Физика» пәнін оқыту мақсаты - білім алушылардың ғылыми дүниетанымдық негіздерін, әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауын, өмірде маңызды практикалық мәселелерді шешуде табиғат құбылыстарын бақылау, жазу, талдау қабілеттерін қалыптастыру болып табылады. 7-9-сыныптарда «Физика» пәнін оқытуда пәннің практикалық бағыттылығы күшейтіледі. Зертханалық және практикалық жұмыстың қажетті көлемін орындау үшін ақпараттық және компьютерлік технологияларды пайдалану ұсынылады.

«Химия», «Биология», «География» оқу пәндерінің мазмұнына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларына сәйкес зертханалық, практикалық және модельдеу жұмыстарын жүргізу қарастырылған. Зертханалық жұмыстарды жүргізудің мақсаты зерделенген теориялық материал негізінде оқу-зерттеу және нақты практикалық міндеттерді шешу тәжірибесін алу; маңызды теориялық ережелерді эксперимент бойынша дәлелдеу және бағалау, зерттеу жұмысының дағдыларын игеру арқылы практикалық міндеттерді шеше білу болып табылады. Практикалық жұмыстардың мақсаты - оқушылардың білімін бекіту, нақтылау, практикалық дағдыларын қалыптастыру және дағдыларын жетілдіру болып табылады.

"Адам және қоғам" білім беру саласының оқу пәндерінің мазмұны "Қазақстан тарихы", "Дүниежүзі тарихы", "Құқық негіздері" оқу пәндерінде іске асырылады.

*Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)*

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша сағат саны												Жүктеме, сағат		
		5 а	5 ә	5 б	6 а	6 б	6ә	7 а	7 б	8 а	8 б	9а	9 б	Апталық	Жылдық	
<b>Инварианттық компонент</b>																
I V	Адам және қоғам	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	4	4	38	1292	
1 4	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	24	816	
1 5	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	12	408	
1 6	Құқық негіздері											1	1	2	68	

Негізгі орта білім беру деңгейінде «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам» білім беру салаларының пәндері бойынша оқушыларды жиынтық бағалау «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

"Технология және өнер" білім беру саласының мазмұны "Музыка", "Көркем еңбек" оқу пәндерінде іске асырылады.

*Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)*

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша сағат саны	Жүктеме, сағат
---	---------------------------------	-----------------------------	----------------

	упәндері	5 а	5 ә	5 б	6 а	6 б	6ә	7а	7б	8а	8б	9а	9б	Апталы қ	Жылд ық
<b>Инварианттық компонент</b>															
V	Технология және өнер	3	3	3	3	3	3	1	1	1	1	1	1	24	816
17	Музыка	1	1	1	1	1	1							6	204
18	Көркемсурет	2	2	2	2	2	2	1	1	1	1	1	1	18	612

«Дене шынықтыру» білім беру саласының мазмұны «Дене шынықтыру» оқу пәнінде іске асырылады. "Дене шынықтыру" білім беру саласының мазмұны денсаулықты нығайтуға, денешынықтыру-сауықтыру және спорттық-сауықтыру іс-әрекеті дағдысы мен іскерлігіне, дене жаттығуларын жасауды өз бетінше ұйымдастыруға үйретуге, базалық және ұлттық спорт түрлерінің техникалық қимылдары мен амалдарын меңгеруге бағытталады.

«Дене шынықтыру» пәні топтарға бөлінбей оқытылады. Оқу жүктемесі төмендетілген оқу жоспарына сәйкес инвариантты бөліктен берілген екі сағат жүктемемен қатар вариативті компонент есебінен «Дене шынықтыру» пәніне 1 сағат бөлінген және осы сағат көлемінде міндетті түрде спорттық ойындар жүргізілуі тиіс. Бағдарламаға сәйкес үшінші сағат білім алушылардың белсенділігін спорттық ойындар арқылы арттыруға бағытталған.

*Кесте – 1 (оқытылуы қазақ тілінде)*

№	Білім салалары және оқу упәндері	Сыныптар бойынша сағат саны											Жүктеме, сағат		
		5 а	5 ә	5 б	6 а	6 б	6ә	7а	7б	8а	8б	9а	9б	Апталы қ	Жылды қ
<b>Инварианттық компонент</b>															
V	Дене шынықтыру	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	24	816
1	Дене шынықтыру	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	24	816

Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес «Музыка», «Көркемсурет», «Дене шынықтыру» пәндері бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. 5-6 сыныптарда «Көркемсурет», «Дене шынықтыру» пәндері бойынша әр тоқсан соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қойылады. 5-6 сыныптарда «Музыка» пәні бойынша, 7-9 сыныптарда «Көркемсурет» пәні бойынша жартыжылдыққа және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі қойылады.

«Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру» білім салалары бойынша барлық оқу пәндерінен «Күнделік» электрондық жүйесінде 2023 - 2024 оқу жылында оқу бағдарламасы әр тоқсаны бойынша 100% орындалып отыр.

### **Жалпы орта білім беру**

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 86-қосымшасымен бекітілген оқу жоспары негізінде жүргізіледі. Міндетті оқу пәндері бойынша мазмұны "Алгебра және анализ бастамалары", "Геометрия", "Информатика", "Орыс тілі", "Орыс әдебиеті", "Қазақ тілі мен әдебиеті" (оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптар үшін), "Шетел тілі", "Қазақстан тарихы", "Дене шынықтыру", "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәндерін құрайды.

*жаратылыстану-математикалық бағыт-оқыту тілі қазақша*



№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша сағат саны	Сыныптар бойынша сағат саны	Жалпы жүктеме	
		10А	11А	апталық	жылдық
<b>Инвариантты компонент</b>					
1	Қазақ тілі	1	1	2	72
2	Қазақ әдебиеті	2	2	4	144
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	4	144
4	Шетел тілі	3	3	6	216
5	Алгебра және анализ бастамалары	4	4	8	288
6	Геометрия	2	2	4	144
7	Информатика	2	2	4	144
8	Физика	2	2	4	144
9	Химия	2	2	4	144
10	Биология	2	2	4	144
11	География	2	2	4	144
12	Қазақстан тарихы	2	2	4	144
13	Дүниежүзі тарихы	1	1	2	72
14	Құқық негіздері	1	1	2	72
15	Дене шынықтыру	3	3	6	216
16	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	2	72

Пәндер бойынша жиынтық бағалауды жүргізу «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес өткізілді. «Дене шынықтыру», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәндері бойынша жиынтықбағалау өткізілмейді. Тоқсан, жартыжылдық және оқу жылының соңында«есептелінді»(«есептелінген жоқ») белгісі қойылады.

<b>Пәндербойыншабілімсапасы</b>				
№	Жылдар	2021-	2022-2023	2023-2024 оқу жылы
		2022оқужылы	оқужылы	
<b>Бастауышбуын</b>				
1	Қазақтілі (к/с)	74,47	82	
3	Әдебиеттіоқу	78,13	63,93	
4	Орыстілі (к/с)	72,34	81	
6	Ағылшынтілі	70,31	65	
7	Математика	70,31	68,85	
8	Дүниетану	85,94	68,85	
9	Жаратылыстану	84,38	73,77	
<b>Негізгібуын</b>				
1	Қазақтілі	74,29	73	
2	Қазақәдебиеті	80	71,05	
3	Орыстілі мен әдебиеті	74	78	
5	Ағылшынтілі	77,14	78	
6	Математика	56,60	48,98	
7	Алгебра	48,57	68,42	

8	Геометрия	62,79	53,33	
9	Информатика	94	97	
10	Жаратылыстану	56,86	71,43	
11	География	77,14	77,55	
12	Биология	77	57,78	
13	Физика	51,43	55,56	
14	Химия	69	68,42	
15	Қазақстан тарихы	74,29	71,05	
16	Дүниежүзі тарихы	74,29	78	
<b>Орта буын</b>				
1	Қазақ тілі	75	72,73	
3	Қазақ әдебиеті	83	72,73	
4	Орыс тілі мен әдебиеті	66,67	90	
5	Ағылшын тілі	66,67	81	
6	Алгебра және анализ бастамалары	50	54,55	
7	Геометрия	50	54,55	
8	Информатика	100	100	
9	География	80	90	
10	Биология	58,33	63,64	
11	Физика	70	63,64	
12	Химия	58,33	81	
13	Қазақстан тарихы	66,67	81	
14	Дүниежүзі тарихы	70	100	

#### Оқу озаттары мен екпінділері

	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
Оқу озаттары	91	85	
Оқу екпінділері	154	173	
<b>Барлығы</b>	<b>245</b>	<b>258</b>	

#### Білім сапасы

	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
<b>Білім сапасы</b>	<b>58,8</b>	<b>58,3</b>	

2021-2022 оқу жылы қорытындысы бойынша 447 оқушының 91-і озат, 154-і екпінді болып, білім сапасы 58,8 пайызды құрады. 2022-2023 оқу жылында 514 оқушының 85-і озат, 173-і екпінді болып, білім сапасы 58,3 пайызды құрап, екі оқу жылының білім сапасын салыстыратын болсақ -0,5% кемігені байқалады. Бұл үрдіс оқушылардың сандық және сапалық құрамының өзгерісімен байланысты.

**Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді менгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысына іске асыру:**

№4 қосымша білім беру мектеп-орталығы» КММ-сінің тәрбие ісінің жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығына 2- қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына

сәйкес оқу – тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдерінен құралады.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары басшылыққа алынды. Олар:

- Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
- «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;
- «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы;
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.
- Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы (Астана қаласы 21 қараша 2018 ж.);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 1 маусымдағы № 348 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері;
- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы № 483-ІҮ Заңы (22.12.2016 ж. өзгертулермен және толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 қаулысымен мақұлданған.«Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын негізге ала отырып, эстетикалық бағыттағы гимназияның тәрбие жұмысының жүйесі «Мәңгілік ел» құндылықтары мен Отанға деген сүйіспеншіліктері жоғары, адами құндылықтарды бағалайтын, шығармашыл, көшбасшы, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға бағытталды.

#### ***Тәрбие жұмысының мақсаты:***

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруға ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу – тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымды қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу;
- Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау;

- Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін – өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау; Осы аталған бағыттар бойынша іс – шаралар жоспары құрылды, құрылған жоспар бойынша жұмыстар жүзеге асырылды. Алғашқы қоңырауға арналған «Кел , балалар, оқылық!» салтанатты жиыны 1 – сыныптар үшін ұйымдастырылды және «Әліппе» оқулығы салтанатты түрде табысталды. <https://www.instagram.com/p/CTT9KuVgs9o/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==> Барлық сыныптарда ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жетістіктері» атты тақырыбында ашық тәрбие сағаттары өткізілді. <https://www.instagram.com/p/CTWyGg7sBRM/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==> Сонымен қатар мектебімізде жобалар іске асырылуда. Білім алушылардың өзін – өзі басқаруы, «Оқуға құштар мектеп» жобалары. Осы жобалар бойынша жоспарлары құрылып, шаралар өткізіліп, жалғасын табуда.

### Мектептегі тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының сапалық құрамы:

№	Аты-жөні	Лауазымы	Пән	Санаты	Жалпы педагогикалық өтілі\ лауазымдағы өтілі
1	Утешова Данара Наримановна	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Қазақ тілі мен әдебиеті	Педагог-модератор Лауазымы бойынша III деңгей	19 /6

**Мектепшілік тәрбие жұмысының әдістемелік тақырыбы:** Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрметтейтін, жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру.

**Жаңа оқу жылына қойылған мақсаты:** рухани байлықты, моральдық тазалықты, дене бітімін жетілдіруді, бәсекеге қабілеттілікті, прагматизмді, ұлттық сәйкестікті, білімнің табынуын, эволюциясы мен сана-сезімінің ашықтығын, әлеуметтік рөлдердің жүйесін толықтай орындауға қабілетті, ХХІ ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

#### Тәрбие жұмысы келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу.
2. Рухани-танымдық тәрбие.
3. Ұлттық тәрбие.
4. Отбасылық тәрбие.
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады.

Тәрбие үдерісі - бұл тұлғаның тәрбиелік деңгейі, ол оқушының қоршаған әлеуметтік ортамен және жалпы қоғаммен әрекеттестікке дайындығымен сипатталады. Осы дайындықты анықтау және айқындау үшін диагностика - оқушының даму үдерісі мен нәтижелеріне талдау жүргіземіз. Ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеу мақсатында сынып жетекшілер оқушының тәрбиелік деңгейін бақылайды. Мектепте 1-11 сынып аралығында 23 сынып комплектісі бар, 1-4-сыныптарда 11 сынып, 5-11-сыныптарда 12 сынып. Тәрбие жұмысын тиімділікпен ұйымдастыру мақсатында мектепте сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі жұмыс істейді.

Оқу жылы	Сынып жетекшілер саны	Білімі				
		Жоғары	Арнаулы орта			
2021-2022	23	21	2			
2022-2023	23	22	1			
2023-2024	24	23	1			
Еңбек өтілдері бойынша						
Оқу жылы	0-3 жыл	3-5 жыл	5-10 жыл	10-15 жыл	15-20 жыл	20 жылдан әрі
2021-2022	0	2	4	3	10	4
2022-2023	1	2	4	3	9	4
2023-2024	1	1	3	3	6	10

**Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу.** Дәстүрлі түрде 1 қыркүйек – Білім күніне арналған салтанатты жиындар, «Латын әліпбиі - ұлт болашағының кепілі» шарасы <https://www.instagram.com/p/CUUZnIIMQdd/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

«Б.Алтынсариннің 180 жылдығына орай Ыбырай оқуы» <https://www.instagram.com/p/CUUXy0xMJJC/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

Мектеп кітапхасында Қазақстан халқының тілдер күніне арналған бастауыш сыныптарға «Қазақ тілі – менің ана тілім» кітапханалық сағат өтті. [https://www.instagram.com/p/CUUY\\_s7Male/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/p/CUUY_s7Male/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==)

«Тәуелсіздік- бәрінен қымбат» атты мерекелік концерті өтті. <https://www.instagram.com/p/CXg1UOYstZM/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>  
«Желтоқсан оқиғасы -тәуелсіздік бастауы» тақырыбымен желтоқсан оқиғасына қатысушылармен кездесу кеші ұйымдастырылды. <https://www.instagram.com/p/CXei-x3Ljao/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

Мектеп оқушыларына туған жеріміздің тарихын таныту мақсатында М.Мәметова, Тарихи өлкетану музейлеріне саяхат ұйымдастырылған. <https://www.instagram.com/p/CWAjJNbsN3W/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>  
<https://www.instagram.com/p/CcYHKKdMkTP/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>  
<https://www.instagram.com/p/Cds1BtjjZCq/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

Ұлттар арасындағы татулықты дәріптеу мақсатымен «Достық мекені» байқауы ұйымдастырылды. <https://www.instagram.com/p/Cc9zGa0Dh5B/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

Республикасы Мемлекеттік Рәміздері күніне орай «Елім менің - Қазақстан» патриоттық апталығы аясында «Рәміздер- рух,ар-ождан» акциясы, <https://www.instagram.com/p/CeVqaKiDHFT/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>  
«Мемлекеттік Рәміздер- мемлекеттің негізі» тақырыбында шаралар өткен. <https://www.instagram.com/tv/CeX9hwgJSjb/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

#### **Құқықтық тәрбиені іске асыруда:**

- Құқықтық тәрбие (құқықтық сауаттылық пен құқықтық мәдениетті қалыптастыру);
- Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың және қаңғыбастықтың алдын алу;
- Балалар мен жастарға қатысты қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру;
- ҚІІБ КТЖІБ мен құқықбұзушылықтың алдын- алуда арналған біріккен жұмыс;

Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық – зомбылыққа қарсы іс – қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020 -2023 жылдарға арналған іс – шаралар жоспары «Сабақ», «Жасөспірім», «Қадағалау» жедел алдын-алу іс-шараларын іске асыру бойынша оқу жылы басталған сәттен балалар мен жасөспірімдердің күнделікті сабаққа қатысын қатаң түрде бақылау жұмысы жыл бойы жүргізілген, арнайы журнал жасақталып 1-11 сынып оқушыларын күнделікті сабаққа қатысы бойынша мәлімет жинақталып денсаулығына байланысты және себепсіз сабақ қалдырған оқушылар мен жекелеген жұмыстар жүргізілген. Жалпы мектеп

оқушыларының себепсіз сабақ қалдыру жағдайлары орын алған жоқ, дейтұрғанмен денсаулығына байланысты он күннен немесе бір ай көлемінде сабақ қалдырған оқушылар дәрігердің анықтамасымен себепті болып танылған. Сондай-ақ балалар қауіпсіздігінің алдын-алу бойынша мереке күндері адамдар көп шоғырланатын орындарға, сауда орталықтарына мектеп тарапынан жауапты тұлғалар мектеп инспекторлары мен бірлескен түрде рейдтік шаралар жыл бойы жүргізілді.

«Балалар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын- алу шараларын ұйымдастыруда жоспарға сәйкесті бейне фильмдер, видео роликтер, мамандармен кездесулер 5-8,9-11 сыныптар аралығында өз деңгейінде жүргізілді. 2021-2022 оқу жылын ұйымдастыруда мектеп оқушыларын Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру, балалар мен жасөспірімдерді зиянды заттардан сақтандыру, электронды темекінің зияны, балалар мен жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу бойынша барлық сынып ұл-қыздары үшін жалпы жиналыс өткізілген. Жиналыс барысында әр баланың санасына жететіндей деңгейде жан-жақты түсіндірілген.

Сондай-ақ балалар мен жасөспірімдерді адамгершілік-жыныстық тәрбиесі бойынша емхананың СӨС бөлімі дәрігерлерімен және СӨС орталығының мамандарымен, ЖИТС орталығының қызметкерлерімен кездесу жоспарлы түрде ұйымдастырылған. Арнайы мамандардың кеңесі оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай түрлі бейнероликтер, жадынамалар, ақыл-кеңестер беру арқылы тиімді жеткізілген. «Жас ерекшелігі гигиенасы және жеке бас тазалығы» тазалық сақтау мәселелері бойынша жалпы мектепшілік және сынып ұл-қыздар жиналыстарында үнемі айтылып отырғанын байқауға болады. Сонымен қатар мектепте жас ерекшеліктеріне қарай қыз балалар мен жұмыс түрлерін ұйымдастыру жүйелі жолға қойылған. Соның бірі «Сырғалым» қыздар клубы жұмысы.

2021-2022 оқу жылының басында «Сырғалым» қыздар клубының жылдық жұмыс жоспары бекітілген. Негізгі мақсаты: мектептегі қыз балалардың мінез-құлқын тәрбиелеу бойынша жұмыс оларды нәзіктікке баулу, отбасындағы алатын орны, ептілік пен шеберлік қалыптастыру, өмірдің құндылығын сезіндіру сондай-ақ қыздардың сұлулық, махаббат, жақсы қарым-қатынастар сияқты ұғымдармен таныстыруға бағытталған. Гигиеналық жағынан қыз балаларға жыныстық жетілу кезеңінде өздерінде болып жатқан физиологиялық және психоэмоционалдық өзгерістерді түсіндіріп, жеткізе білу. Бұл қыз балалардың қамқорлық, ниет білдіру, жан жылулығы, аяушылық білдіруге тән белгілі бір сезімдерді бастан кешіруіне жағдай жасауға байланысты ұйымдастырылған. Тек қана рухани тұрғыдан емес қыздарымызды ұлттық киім үлгісін және шаш өруге, ас дайындауға, тігін тігуге үйрету ескертіліп, осы бағытта арнайы мамандармен тренинг, жадынамалар, танымдық сабақтар оздырылған.

Жыл бойы атқарылған жұмыстар бойынша қазіргі замандағы қыздардың күтімі жайлы кеңес беру мақсатында және мектептің ішкі тәртібі жөнінде «Өзін-өзі күтетін қыздың 10 ережесі» тақырыбында клуб жетекшілері 7-11 сынып қыздар арасында арнайы жиын өткізілген. Қыз балалар арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу дәрігерлік ақпарат беру мақсатымен №4 емхана дәрігерлерімен кездесу өткен. <https://www.instagram.com/p/CXSkCdOoDLs/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

#### **Мектептегі ұл балалар және «Қайсар» ұлдар клубының жұмысы**

**Мақсаты:** Ер балалар арасында зиянды әдеттердің алдын алу, спорттық іс-шараларға қатыстыру арқылы салауатты өмір сүру салтын насихаттау, өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру, отбасында да, қоғамдық ортадағы тәрбиеде де ер баланы еңбек етуге, еңбексіз бос отыра алмайтындай сезімге тәрбиелеу.

#### **Міндеттері:**

- Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік әлеуетті қалыптастыру;



- Ер балалардың азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру;
- Танымдық жұмыстарды ынталандыру;
- Жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;
- Жауапкершілік мен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған ер баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

«Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқаны аясында отбасы мүшелері арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында «Отбасы, мектеп, қоғам мәселесі» мектеп психологының ата-аналар қауымына кеңесі ұйымдастырылды. Қатыгез немесе әділетсіз қарым-қатынастың алдын алу, оқушылардың қауіпсіздігінің алдын алу және ата-аналарға түсіндірме жұмыстарын жүргізу, оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, басты құндылығы бостандық, еркіндік туралы түсініктерін қалыптастыру, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау, сенімділіктерін жоғарылату мақсаттарында «Өзіңді зорлық - зомбылықтан қалай қорғауға болады?», «Жетістікке жету өз қолыңда», «Мен Тәуелсіз елдің еркін ұрпағымын!», «Мен өзіме сенімдімін!» тренинг, «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыптарында кеңес беру ұйымдастырылған. <https://www.instagram.com/p/CcUdGDoDfUL/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

Сонымен қатар оқушыларға өмір құндылықтары туралы жекелей және топтық кеңестер беріліп, сынып жетекшілер мен ата-аналарға сұраныс бойынша және қажет болған жағдайда алдын-алу, түзету бағыттарында ақыл-кеңестер беріліп отырылған. <https://www.instagram.com/p/CcUrF8qMqhs/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

Кәмелетке толмағандарға қатысты қатыгез қараудың алдын алу және зорлық-зомбылық мәселелері бойынша сенім телефондары мен сенім жәшігі жұмыс жасалынған. <https://www.instagram.com/p/CcSxSHhjG8/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

#### **Рухани-танымдық тәрбие бағыты**

Рухани танымдық тәрбие мақсаты жас ұрпақтың бойына жынысаралық қарым-қатынастарда адамгершілік құндылықтарды, өзінің тәндік және психикалық саулығы мен жыныстық мінез-құлқы үшін жауаптылықты нысаналы түрде сіңіру жолымен жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Аталған мақсатты жүзеге асыру үшін мектебімізде қарияларға, жасы келген адамдарға, жалғызбасты зейнеткерлер мен мүгедектерге көңіл бөліп, оларға материалдық, әлеуметтік-тұрмыстық және басқа да көмек түрлерін көрсету мақсатында мектебімізде «Жылы жүрек – жақсы тілек» акциясы өтті. <https://www.instagram.com/p/CZt698BD0CZ/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

Адамдар арасындағы қарым – қатынасты жолға қою жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптеу мақсатымен «Алғыс айту» күніне арналып Алғыс айту челлендж өткізілді. [https://www.instagram.com/tv/CakgX6015\\_R/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/tv/CakgX6015_R/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==)  
<https://www.instagram.com/tv/CajwrMCtYIJ/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

9-11 сынып оқушылары арасында «Адамның рухани саулығы» дебат пікірталас сайысы оздырылды. Оқушылар «Ақиқат» және «Ізгілік» тобы болып екіге бөлініп, пікірталастырды. <https://www.instagram.com/p/CZ0jda5jamV/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

8 наурыз мерекесі қарсаңында «Ақпаратты тізгіндеген арулар» атты жергілікті журналисттер А.А.Хамитова және Э.А.Нугмановамен кездесу кеші өтті. <https://www.instagram.com/p/CbJwYjfd7h1/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

Кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы кітап арқылы келетіні түсіндіру мақсатында мектеп кітапханасымен көптеген шараларға, байқауларға белсене қатыстырылған. «20 минут кітап оқу» жобасы бойынша жұмыстанады. «Оқуға құштар» жобасы аясында «Мен әлемді өзгертемін» тақырыбында букроссинг ұйымдастырылды. [https://www.instagram.com/p/CV0IfxcMlhT/?igshid=MzRIODBiNWFIZA=](https://www.instagram.com/p/CV0IfxcMlhT/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==)

≡

Оқушылардың рухани сана -сезімін қалыптастыру мақсатымен «Өзіңді тәрбиелеу қажет пе?» атты психологиялық тренинг өткізілді. Мектеп психологы С.Қурманова ұйымдастырған тренингке оқушылар белсене қатысты.

<https://www.instagram.com/p/CcSyEaRDmVX/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту сенімділіктерін нығайту мақсатында «Жетістікке жету өз қолыңда» тренинг өтті.

<https://www.instagram.com/p/CcSxSHhjG8/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

#### **Ұлттық тәрбие бағыты**

Оқушыларға ұлттық салт-дәстүрді ұлықтау ұлттық тәрбие беру мақсатында 14 наурызда мектебімізде «Көрісу айт» мерекесі тойлану дәстүрге айналған.

<https://www.instagram.com/tv/CbFX6tKPyI0/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

Мектепте ұлттық киімдер апталығы ұйымдастырылды. «Ұлттық тағамдар көрмесі» челленджі жолданды.

<https://www.instagram.com/tv/CbKb492gTcg/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

Балалар арасында халық әндерін насихаттау мақсатымен Караоке Пати шарасы өтті

[https://www.instagram.com/p/Ca\\_zCQLD2z6/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/p/Ca_zCQLD2z6/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==)

Наурыз мерекесіне орай әдет-ғұрып, салт-дәстүр, қолөнер, ұлттық тағамдар бойынша сайыс, мерекелік концерт, ұлттық ойындар, салт-дәстүрлерді көрсету шаралары өткізілді. Атап айтсақ «Ат қою» рәсімі сахналап көрсетілді.

<https://www.instagram.com/p/CbFlwMeDYrW/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

<https://www.instagram.com/p/CbKguvTD7la/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

<https://www.instagram.com/tv/CbKi-qBPkOb/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

Мектепшілік Наурыз тойы кең көлемде аталып өтілді. Ата -аналарда белсене қатысты. <https://www.instagram.com/tv/CbO2ious3-1/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

Үзіліс уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Ұлттық ойындар» алаңы өткізілді. <https://www.instagram.com/tv/CbKozUlrGip/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

#### **Отбасылық тәрбие**

Мектеп қызметіне ата-аналардың қатыстыру мақсатында «Өркениет» әкелер, « Асыл» әжелер , аналар клубтары жұмыс жасалған.

<https://www.instagram.com/p/CVctPkIsx1T/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

<https://www.instagram.com/p/CaZpahTjLao/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

Ата-аналармен бірлесе мәдени көпшілік және спорттық шаралар жүзеге асырылған. Барлық шараларға ата-аналар белсене қатысқан.

<https://www.instagram.com/p/Camku1IM7wH/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

<https://www.instagram.com/p/Ca1InQusacq/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

[https://www.instagram.com/p/CWtaZ\\_hs9sE/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/p/CWtaZ_hs9sE/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==)

Ата-аналарымызға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мақсатында алдын алу шаралары, дөңгелек үстелдер, жеке кеңестер, конференциялар ұйымдастырылады. Атап айтсақ «Зорлық -зомбылықтан ,жыныстық қол сұғушылықтың алдын алу» тақырыбында алдын алу семинары өткізілген.

<https://www.instagram.com/p/CcnJvIqspcg/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

